режимі централизованной власти от абсолютной до ограниченной монархии, в руках которых сосредотачивалась верховная власть. В странах Центральной Азии, включая Казахстан, в зависимости от влияния родоплеменных объединений, составивших основу государствообразующего этноса, централизация государственной власти происходила также по разным управленческим схемам.

В силу подвижности кочевого населения и высокого статуса родоплеменной знати централизованное Казахское Ханство, представляло из себя ограниченную монархию, где единоличная власть хана сильно зависела от позиции биев, степной знати, султанов. В это же время правители соседних стран обладали более объемными полномочиями абсолютного монарха.

По мере усложнения общественной жизни и нарастания в связи с этим противоречий в ней централизация власти становилось объективной необходимостью. Одним из препятствий на пути к реализации этой необходимости была территориальная разобщенность населения, его удаленность от политического центра страны. Это затрудняло непосредственное государственное управление и вызывало необходимость создания промежуточных звеньев, призванных реализовывать команды центра. В средние века в их качестве использовались прежние управленческие структуры, самостоятельно возглавлявшие провинциальные или

ратын бұрынғы басқару құрылымдары пайдаланылды.

Мұндай жағдайларда орталықтандыру тарихи инерциясы бойынша олардың біршама дербестігінің элементтерін сөзсіз сақтады. Уақыт өткенде мемлекеттік билікті орталықтандыруға деген үрдіс бұл кедергіні жеңді және бір орталыққа бағынған мықты билігі бар біртұтас мемлекеттердің қалыптасуына немесе этникалық не аумақтық қағидаттарға негізделген федерацияның құрылуына алып келді.

Билікті орталықтандыру жолындағы тағы бір кедергі аталған мемлекет билігіндегі аумақта коммуникация желілерінің әлсіз дамуы болып табылады. Кең аумақтағы тікелей басқару байланыс арналарының (жолдар, көлік, пошта, телеграф құралдары) тарихи тұрғыдан жетілмегендігімен қиындық келтірді. Сондықтан тіпті әскери және экономикалық қатынастарда күшті болған әлемдік империялар да (Рим, Британия, Ресей, Шыңғысхан империясы) жаулап алған аумақтарында олар империяға біріккеннен кейін колониялық әкімшілікті құрды, ол көптеген мәселелерді шешуде метрополияның ішкі бөліктеріндегі басқару әкімшіліктеріне қарағанда көбірек дербестік білдірді. Императорлардың өкілдері отарлаушы елдің саясатын жүргізе отырып, шикізатты шығару, салықтарды жинау, халықтың колониялық режимге қарсылығын басу мәселелеріне айтарлықтай көңіл бөлді.

родоплеменные общины, графство, герцогство, княжества, султанаты, ханство и др.

Централизация в этих условиях неизбежно сохраняла по исторической инерции элементы их относительной самостоятельности. По истечении времени тенденция к централизации государственной власти преодолевало это препятствие и приводило к формированию унитарных государств с сильно централизованной властью, либо к созданию федерации, основанной на этническом или территориальных принципах.

Еще одним препятствием на пути централизации является слабо развитая сеть коммуникации на территории, находящейся под властью данного государства. Непосредственное управление на обширной территории исторически затруднялось несовершенством каналов связей (дороги, транспортные, почтовые, телеграфные средства). Поэтому даже могущественные в военном и экономическом отношениях мировые империи (Римская, Британская, Российская, империя Чингисхана) на завоеванных территориях после их интеграции в империю, создавали колониальную администрацию, которая в решении многих вопросов проявляли больше самостоятельности, чем администрации управления во внутренних частях метрополии. Наместники императоров, проводя политику метрополии, значительное внимание уделяли вопросам вывоза сырья, сбору налогов, подавлению сопротивления населения колониальному режиму.

Өзінің феодалдық дамуының шыңына жеткен елдерде билікті күшейту осы кезең үшін мүмкін болатын деңгейге жетті. Билікті шоғырландыру сонымен қатар қол жетімді шектеулі құралдар арқылы оған қолдау көрсетілетін барынша орталықтандыру арқылы қамтамасыз етілді. Біреулерге артықшылық берілген, ал халықтың басым бөлігінің іс жүзінде құқығы болмаған жағдайда крепостниктік құқықпен, шамадан тыс салықтар мен алымдармен, қоғамның заңдстырылған сословиелік бөлінісімен байланысты билікті шоғырландыру мемлекеттік билікті орталықтандыру арқылы қолдау тауып отырды.

Мемлекеттік биліктің мұндай конструкциясы капиталистік даму жолына тұрған қоғамдық прогреске кедергі болды. Бұл жол, ең алдымен, мейлі ол жеке меншік – кәсіпкер болсын, мейлі жалдамалы жұмыскер болсын, бәрібір, тауар өндірушінің еркіндігін талап етті. Мемлекет бұл жеке еркіндікті экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтар дәрежесіне көтере отырып, оған кепілдік беруі тиіс болды.

Осыдан келіп мемлекеттің қоғамның экономикалық өміріне араласудан тартынуы қажет болады. Нарықтық экономика идеологтарының пікірлерінше, мемлекет халықтың ішкі және сыртқа қауіпсіздігінің мәселелерімен және әлеуметтік мәселелерді шешумен көбірек айналысқаны жөн. Ал бұл биліктің мүмкін болатын шоғырлану аясының тарылғанын білдіреді.

В странах достигших пика своего феодального развития, этатизация власти достигла возможного для этого периода уровня. Концентрация власти обеспечилась ее предельной централизацией, поддерживаемыми доступными в то время ограниченными средствами. Концентрация власти, сопряженная с крепостным правом, непомерными налогами и сборами, узаконенным сословным делением общества при привилегиях для одних и фактическом бесправии подавляющей части населения, поддерживалась централизацией государственной власти.

Такая конструкция государственной власти становилась препятствием на пути общественного прогресса, который становился на путь капиталистического развития. Этот путь предполагал, прежде всего, свободу товаропроизводителя: будь это частный собственник – предприниматель, будь наёмный работник. Государство должно было гарантировать эту индивидуальную свободу, возведя их в ранг экономических и социальных прав и свобод.

Отсюда следует необходимость отхода государства от вмешательства в экономическую жизнь общества. Государству, по мысли идеологов рыночной экономики, следовало больше заниматься проблемами внутренней и внешней безопасности населения и решения социальных вопросов. А это означало сужение сферы возможной концентрации власти.

Бұл үрдіс қиындықпен болса да өзіне жол ашты. Бірақ ол мемлекеттік органдардың тігінен ұйымдастырылған құрылымы ретінде билікті орталықтандырылуын теріске шығарған жоқ. Ол тарылып келе жатқан биліктің шоғырлануы аясында да күшейе берді. Бұл қоғамда құқықтық тәртіпті қолдау және оның тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін қажет болды. Бөлшектенген билікпен орталықтандырудың мұндай үйлесімі оң нәтижелер берді. Бірақ олардың оңтайлы арасалмағын ұстап тұру оңай емес. Дамымаған саяси жүйе жағдайында билікті шамадан тыс орталықтандыруға ұрындыру оның төрешілдікке салынуына, аппарат санын шамадан тыс көбейтіп жіберуге алып келеді. Бұл мемлекеттік органдарды ұстап тұруға жұмсалатын, бірақ ақталмайтын қосымша шығындарға алып келеді.

Мемлекеттік билікті орталықтандыру үрдісін күшейтетін шарттардың тағы біреуі жоспарлы экономиканы қалыптастыру болып табылады. Ол тауар өндірісі саласында жеке меншікті терістеген және мемлекеттік меншік монополиясы мақұлданған КСРО-ға тән болды. Ол экономиканың негізі болды және тауар өндірушілердің еркіндігі мен бәсекелестігін, жеке меншікке қол сұғылмаушылықты, ең алдымен сұраныс пен ұсыныс теңгерімі негізінде тауарлар мен қызметтер өндірістерін ұйымдастыруды талап ететін нарықтық қағида-тарды қабылдамады.

Это тенденция, хотя и с трудом, но пробивала себе дорогу. Но она не отрицала централизацию власти, как вертикально организованную структуру государственных органов. Она нарастала и в рамках сужающейся концентрации власти. Это было необходимо для поддержания правового порядка в обществе и обеспечения его стабильного роста. Такое сочетание деконцентрированной власти и централизации давало положительные результаты. Но удержать их оптимальное соотношение не просто. В условиях неразвитой политической системы соблазн чрезмерной централизации власти порождает её бюрократизацию, численное разбухание аппарата. Это влечет дополнительные, не всегда оправданные расходы на содержание государственных органов.

Еще одним из условий, усиливающих тенденцию централизации государственной власти, является формирование плановой экономики. Она была характерна для СССР, в котором отрицалась частная собственность в сфере товарного производства и утверждалась монополия государственной собственности. Она была основой экономики и исключала рыночные принципы, предполагающие свободу и конкуренцию товаропроизводителей, неприкосновенность частной собственности, организацию производства товаров и услуг, в первую очередь, на основе баланса спроса и предложения.

Жоспарлы экономика идеясы теориялық тұрғыдан тартымды болды. Бірақ оны іске асыру үшін XX ғасырда ешқандай жағдай болған жоқ. КСРО-ның бірыңғай халық шаруашылығы кешенін жаппай бекітілетін даму жоспарлары цифрландыру заманының қазіргі жағдайында ғана белгілі бір дәрежеде іске асыруға болатын техникалық мүмкіндіктердің, олардың өзара байланысты параметрлерінің барлығын математикалық дәлдікпен есептеудің болмауы сұраныс пен ұсыныстар, өндірістің күрделі қаржы сыйымдылығы, олардың материалдық, қаржылық және технологиялық қамтамасыз ету, мерзімдері бөлігінде бұл жоспарлардың теңдестірілмеуіне алып келді. Сондықтан бесжылдықты үш жылда, объектілерді мемлекеттік мейрамдарға, Компартияның кезекті съезінің басталуына, В.И. Лениннің мерейлі туған күніне және т.б. орай пайдалануға беру секілді бастамалар кеңінен қолданылды. Бұл алдын ала орындалмайтыны белгілі халық шаруашылығы жоспарларының ресмилігіне көрнекі дәлел болды.

Жете ойластырылмаған партия нұсқаулары мен олардың соңынан және оларды орындау үшін ілесе шығатын мемлекеттік органдардың шешімдері жоспарлы экономиканың дамуын қиындатты.

Сол тарихи жағдайларда бірыңғай экономикалық кешенді жоспарлауда қашып құтылуға болмайтын қателіктерді әкімшілік ету арқылы түзетуге тура келді, мұнда мемлекеттік органдар белгілі бір тауарды жоспар-

Идея плановой экономики была теоретически привлекательной. Но для её реализации в XX столетии не было абсолютно никаких условий. Повсеместно утверждаемые планы развития единого народнохозяйственного комплекса СССР в силу отсутствия технической возможности, тонкого математического расчета всех их взаимосвязанных параметров, что в какой-то мере реализуемо только лишь в современных условиях цифровизации, приводили к несбалансированности этих планов в части спроса и предложений, капиталоемкости производств, их материального, финансового и технологического обеспечения, сроков. Поэтому были распространены инициативы: пятилетку за три года, сдача объектов в эксплуатацию, приуроченную к государственным праздникам, началу очередного съезда Компартии, к юбилейной дате рождения В.И. Ленина и др. Это наглядно свидетельствовало о декларативности народнохозяйственных планов, заранее обреченных на их невыполнимость.

Осложняла развитие плановой экономики непродуманные партийные директивы, и следующие за ними и во их исполнение решения государственных органов.

Неизбежные в тех исторических условиях перекосы в планировании единого экономического комплекса приходилось исправлять посредством администрирования, когда государственные органы, вмешиваясь

да тапсырылған көлемде өндірудің экономикалық және әлеуметтік мақсаттылығына бас ауыртпай, кәсіпорынның шаруашылық қызметіне араласып, жоспарлы көрсеткіштерді орындауға қол жеткізді,

Шаруашылық қызметтерді белсенді атқарған мемлекеттік органдарды қатаң орталықтандырмайынша, ірі зауыттан бастап саны аз бригадаларға дейін қоғамдық өндірістің әрбір қатысушысы үшін жоспарлы тапсырмалары бар бесжылдық, жетіжылдық жоспарларды іске асыру іс жүзінде мүмкін болмады. Табиғи апаттар, экономиканың төңкерістен кейінгі және соғыстан кейінгі бүлінуі жағдайында мәжбүрлі түрде қолдануға болатын тек бір ғана құралды – бұйрықты ғана таныған экономиканы басқарудың әкімшілік әдісі бейбіт кезеңде тиімділігі шамалы әдіс болып шықты. XX ғасыр бойында сақталған бұл әдіс Кеңес Одағын толық құлатуға, ал мемлекеттік билікті орталықтандыруды мән-мағынасыз күйге жеткізді. Басқа факторлармен қатар бұл жағдайлар КСРО-ның ыдырауына себеп болды.

Өзінің пайда болуының бастапқы кезеңінде мемлекеттің өмір сүруінің әлеуметтік-тарихи жағдайларымен түсіндірілетін биліктің орталықтандырылуы басқару органдарының үйлесімді жүйесін қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Бұл ретте ол қоғамдық даму прогресіне ықпал ететін игілік болып табылады. Бірақ атқарушы билікті орталықтандыру

в хозяйственную деятельность предприятий, добивались выполнения плановых показателей, мало заботясь об экономической и социальной целесообразности производства тех или иных товаров в планово заданном объёме.

Без жесткой централизации государственных органов, которые активно исполняли хозяйственные функции, реализация пятилетних, семилетних планов с плановыми заданиями для каждого участника общественного производства от крупного завода до малочисленной бригады, была практически невозможной. Административный метод управления экономикой, который признавал лишь один инструмент – команду, вынужденно допускаемый в условиях природных катастроф, послереволюционной и послевоенной разрухи экономики, оказался малоэффективным средством в мирное время. Сохранившись на протяжении XX века, он довел экономику Советского Союза до полного развала, а централизацию государственной власти – до бессмысленного состояния. В числе других факторов, эти обстоятельства стали причиной распада СССР.

Объясняемая социально-историческими условиями существования государства в начальный период его возникновения централизация власти способствует формированию стройной системы управленческих органов. В этом смысле она является благом, способствующим прогрессу общественного развития. Но по минованию обстоятельств, объек-

процестерін өмірге объективті түрде келтірген жағдайлардың туындауына байланысты олар қоғамның үдемелі даму жолында айтарлықтай кедергіге айнала бастайды. Ендігі қажет емес орталықтандыруды сақтаудың салдары болып табылатын мемлекеттік аппаратты төрешілндіру басқаруды қиындатады әрі мемлекеттің қоғамнан алшақтау деңгейін ұлғайтады.

Бұл жағдайларда мемлекеттік билікті орталықтың иелігінен алу үрдісі өсе түседі. Ол әлеуметтік-экономикалық дамудың мәселелерін көптеген мәселелерін шешу, құқықтық актілерді қабылдау, қоғамдық тәртіпті ұстап тұру және басқалар бойынша орталық органдардың бірқатар өкілеттіктері мемлекеттік биліктің жергілікті органдарына берілетінімен сипатталады. Жергілікті биліктің мұндай өзіндік дербестігі барлық жерде бірдей көрініс таппайды.

Жергілікті өзін-өзі басқару мен азаматтық қоғамның басқа институттары сақталып, шындалған елдерде орталық биліктің функцияларын мемлекеттік органдарға беру айрықша ұйымдастыру қиындықтарын туғызбайды. Азаматтық қоғам институттарының арқасында жергілікті мемлекетті билік үнемі қалыптасқан немесе пісіп келе жатқан қоғамдық қайшылықтарды бақылап, біліп отырады. Бұл оларға барабар жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен ұйымдық ынтымақтастық жергілікті мемлекеттік органдарға жергілік-

тивно вызвавших к жизни процессы централизации исполнительной власти, они начинают превращаться в серьезное препятствие на пути поступательного развития общества. Обюрокращивание государственного аппарата, являющееся следствием сохранения уже не нужной централизации, усложняет управление и увеличивает степень отчуждения государства от общества.

В этих условиях нарастает тенденция децентрализации государственной власти. Она характеризуется тем, что ряд полномочий центральных органов по решению многих вопросов социально-экономического развития, принятию правовых актов, поддержанию общественного порядка и другие передаются местным органам государственной власти. Такая своеобразная автономия местной власти выстраивается не везде одинаково.

В тех странах, где сохранились и окрепли традиции местного самоуправления и другие институты гражданского общества, передача функций центральной власти государственным органам не порождает особых организационных проблем. Благодаря институтам гражданского общества местная государственная власть всегда в курсе сложившихся или зреющих общественных противоречий. Это даёт возможность адекватного реагирования на них. Организационное сотрудничество с органами местного самоуправления даёт возможность местным государствен-

ті өзін-өзі басқару мен мемлекеттік басқарудың үйлесімі арқылы жергілікті жерлерде басқару қызметін оңтайландыруына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар азаматтық қоғам институттары жергілікті мемлекеттік органдардың қызметіне заңды бақылау жүргізе отырып, олардың қоғамнан алшақтау фактілерінің жолын кесуге ықпал етеді. Орталық деңгейде үнемі тиімді жүзеге асырыла бермейтін жария бақылау халықтың жергілікті мемлекеттік билікті әлеуметтік белсенді бақылауы кезінде пәрменді болуы мүмкін.

Мемлекеттік билікті орталықтың иелігінен алу үрдісі мемлекеттік биліктің орталық органдарының тәжірибесіне заманауи цифрлық ақпараттық технологияларды кеңінен ендіру және қоғамдық өмірдің алуан түрлі салаларын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуді көздеу арқылы басқару қызметін «интеллектуалдандыру» шамасына қарай күшейеді. Жергілікті жерлерде мемлекеттік органдар шешімдерінің жалпы параметрлерімен берілген жағдаяттық әкімшілік бұйрықтар және оны жүйелік бұйрықтармен алмастыру арқылы қолмен басқарудан алшақтау - билікті орталықтың иелігінен ойдағыдай алудың қажетті шарттары. Бұл жағдайларда орталық билік қабылдайтын құқықтық нормалардың рөлі өседі, соның негізінде жергілікті мемлекеттік билік жергілікті жерлердегі нақты өмірлік жағдайларға

ным органам оптимизировать управленческую деятельность на местах на началах посредством сочетания местного самоуправления и государственного управления.

Одновременно институты гражданского общества, осуществляя легальный контроль за деятельностью местных государственных органов, способствуют пересечению фактов их отчуждения от общества. Публичный контроль, не всегда эффективно осуществляемый на центральном уровне, при децентрализации, может стать действенным при социально активном контроле населением местной государственно власти.

Тенденция децентрализации государственной власти усиливается по мере «интеллектуализации» управленческой деятельности посредством широкого внедрения в практику центральных органов государственной власти современных цифровых информационных технологий и направленности на разработку и утверждение долгосрочных программ развития различных сфер общественной жизни. Отход от ручного управления посредством ситуационных административных команд и замена его системным, с заранее заданными общими параметрами решений государственных органов на местах, одно из необходимых условий успешной децентрализации власти. В этих условиях возрастает роль правовых норм, принимаемых центральной властью, на основе которых местные государственные решения и осуществляют управленческую деятельность сооб-

сәйкес басқару қызметін жүзеге асырады.

Осылайша, мемлекеттік билікті орталықтың иелігінен алу қоғамдық дамудың белгілі бір жағдайында жүзеге асырылған объективті процесс екенін атап өткен дұрыс. Бастапқыда ол біртұтас мемлекеттік билікті тікелей орталықтандырылған органдар іске асыратын технологиялық жағдайлардың болмауынан туындады. Билікті орталықтың иелігінен алу орталықтандыру күйін басынан кеше отырып, қоғамды демократияландыру және ақпараттық технологияларды дамыту жағдайында қайта түледі.

разно конкретным жизненным ситуациям на местах.

Таким образом, следует отметить, что децентрализация государственной власти это объективный процесс, осуществлённый на определенной ситуации общественного развития. Первоначально она возникла в силу отсутствия технологических условий реализации единой государственной власти непосредственно централизованными органами. Пройдя стадию централизации, децентрализация возродилась в условиях демократизации общества и развития информационных технологий.

Литература

1. Бердалиев А. Пособие по местному самоуправлению, децентрализации и социальной модернизации. – Бишкек, 2000.-108 с.
2. Децентрализация: эксперименты и реформы. Под ред. Т.М. Хорвата, т.1. - Будапешт: LGI/OSI-2000.-484 с.
3. Ергалиева Г.К. Экономическая роль местных государственных органов власти в Республике Казахстан // Политика, 1996, № 7, с. 63-74
4. Нурпеисов Е.К. Структура и уровни исполнительной власти в Республике Казахстан // 25-летие независимости Республики Казахстан: успешное государство, успешная страна. – Астана, 2016, с. 34-37
5. Централизация и децентрализация власти. – В кн.: Политология: Энциклопедический словарь (Общ. Ред. и сост.: Ю.И. Аверьянов и М.: Изд-во Моск. Коммерческого уни-та. 1993, с. 397-393

5. Құқықтың әлеуметтік мәні

Қанша жерден парадокс болса да, құқықтың көпғасырлық тарихына қарамастан, заң ғылымында басқа гуманитарлық білім салаларындағыдай бұл феноменнің бірізді түсінігі жоқ. Бұл ретте құқықтың тарихи типтері мен формаларынан; әлеуметтік реттегіштердің басқа түрлерімен: әдет-ғұрыптармен, моральмен, дінмен, сонымен қатар мемлекетпен байланысы; құқықтық шығармашылық және құқық қолдану процестері; құқық пен құқықтық сананы іске асыру мәселелері және юриспруденцияның басқа да теориялық және практикалық проблемалары туралы хабар беретін ғылыми әдебиеттер жеткіліксіз емес. Олардың ғылыми құндылығы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге байланысты жеке фактілерді қарастыра отырып, ортақ негізді анықтауға мүмкіндік беретін құқық абстракциясын түсінуге септігін тигізетіндігінде. Шынымен де құқық деп айтуға келетін нәрсе көз алдымызда мінез-құлық ережелері, оның тәжірибесі, қолданылуы мен жүзеге асуы және т.б. бірді-екілі құбылыстар түрінде көрініс табады. Бұл мүлде ағаш жоқ, бірақ қарағай, шырша, қайың және т.б. бар деген тәрізді. Ботаникалық әртүрлілікке қарамастан, оларды біріктіретін негіз қоректік заттарды жапырақтарға жеткізетін діңгек болып табылады. Сол сияқты құқық ұғымын (абстракциясын) анықтауда қоғамдық қатынастарды әлеуметтік реттеу құралдарының әртүрлілігіне қарамастан,

5. Социальный смысл права

Как это ни парадоксально, несмотря на многовековую историю права, в юридической науке, как и в других отраслях гуманитарного знания, нет единого понимания этого феномена. При этом нет недостатка в научной литературе, освещающей исторические типы и формы права; его связь с другими видами социальных регуляторов – обычаями, моралью, религией, а также с государством; процессы правотворчества и правоприменения; проблемы реализации права и правосознания и целый ряд других теоретических и практических проблем юриспруденции. Их научная ценность состоит в том, что рассматривая единичные факты, связанные с правовым регулированием общественных отношений, они позволяют выявить общее для них основание, позволяющее понять абстракцию права. Ведь реально, перед нашим взором, то, что можно назвать правом, предстает в виде таких единичных явлений как правило поведения, практика его, применения и реализации и др. Это подобно тому как нет дерева вообще, а есть сосна, ель, береза и т.д. При всем ботаническом разнообразии их объединяющим основанием является несущий ствол, доставляющий питательные вещества листьям. Точно также, при определении понятия (абстракции) права, при всем многообразии инструментов социального регулирования общественных отношений, необходимо найти общее основание отнесения их

олардың құқыққа жатқызылу себепінің ортақ негізін табу керек. Бұл мәселе ғылыми ортада әлі күнге дейін талқыға салынып келе жатыр.

5.1. Құқық негіздері

Полемика бұл ретте үш бағыт бойынша өріс алды: а) мемлекетке дейінгі құқық болды ма немесе ол мемлекет қызметінің өнімі болды ма; б) құқық деп құқықтық нормалардың жиынтығын немесе нормалар жүйесі санауға бола ма; в) нормалардан басқа құқық ұғымын құқықтық сана немесе құқықтық қатынастар қамти ма?

Сұрақтардың бірінші легі бойынша ғалымдардың көпшілігі әлі күнге дейін тарихи аренада мемлекеттің пайда болуымен бірге құқық пайда болды деп санайды. Ал мемлекеттікке дейінгі кезеңде әлеуметтік реттеушілер ретінде әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, мораль және дін қызмет етіп отырды. Олардың оппоненттері мемлекет қалыптасқанға дейінгі кезеңде, әсіресе, алғашқы қауымдық құрылыс тұсында адамдардың нақты қарым-қатынастары салт-дәстүрлердің және моральдің ықпалына ұшырамай, қажетті қоғамдық тәртіп моделі ретінде қызмет еткенде, құқықтың болғанына барынша нанымды дәлел келтіреді.

Полемикаға қатысушылар екінші бағыт бойынша өз ұстанымдарынан айтарлықтай айырмашылықты атап көрсете алмайды, себебі олар да мемлекет бекіткен нормаларды құқық деп таниды. Тұтастық немесе жүйе туралы позициясына келер болсақ,

к праву. Эта проблема, в конечном счете, до сих пор является предметом дискуссии в научной среде.

5.1. Основания права

Полемика при этом развернулась по трем направлениям: а) было ли догосударственное право или же оно продукт деятельности государства; б) считать ли правом совокупность правовых норм или же систему норм; в) охватывается ли понятием права, кроме норм, правосознание или правоотношение?

По первому кругу вопросов большинство ученых до сих пор полагают, что право возникает вместе с появлением на исторической арене государства. А в догосударственный период в качестве социальных регуляторов выступали обычаи, традиции, мораль и религия. Их оппоненты весьма убедительно доказывают существование права в догосударственный период, когда фактические отношения людей, не находясь под влиянием обычаев и морали, служили моделью общественно необходимого поведения, особенно в период первобытнообщинного строя.

Участники полемики по второму направлению не обнаруживают в своих позициях принципиальных отличий, так как они едины в признании правом норм, установленных государством. Что касается их позиций относительно совокупности или си-

жүйені қалыптастыруға қажетті тұтастық көлемін немесе соңғы нормалар жиынтығын анықтай алсақ, олардың пікірлері дәйекті болар еді. Өйткені тұтастық теориялық тұрғыдан екі нормадан тұра алады. Ал бұны құқық деп санала ма? Кез келген жүйе оған тұтастық беретін белгілі бір деңгейде бір-бірімен байланысты элементтердің ең аз мөлшерін талап етеді. Кез келген мемлекеттің құқығы қолданыстағы көптеген құқықтық актілердің жүйелі байланысының болмауы салдарынан бұл талаптарға сәйкес келе бермейді және сәйкес келмейді де. Кем дегенде Конституцияны (негізгі) және одан туындайтын, оған сәйкес келетін базалық салалық заңдар – азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және сот заңдары енгізілуі тиіс мемлекеттің құқықтық жүйесі туралы сөз болса, басқаша болар еді. Үшінші бағытты жақтаушылар құқық ұғымына құқықтық нормалардан басқа құқықтық қатынастар мен құқықтық сана кіреді деп санайды. Солайша олар мемлекет санкциялаған нормалар жүйесін құқық деп санайтын авторлар сияқты әдіснамалық қателікке жол береді. Құқыққа мұндай механикалық түрде жинақталған ұғымды тану әрекеті құқық түсінігінің жалпы, жан-жақты, бай бола түсуі үшін пайдалы. Бұл – құқық теориясын құрудағы проблема. Алайда бұл әрекет құқық деп атауға келетін әлеуметтік реттеуіш сипаттамасының басты мәнін түсінуге септігін тигізбейді.

стемы, то они имели бы какой-то познавательный смысл, если бы можно определить объем этой совокупности или конечное множество норм, необходимое для формирования системы. Ведь совокупность может теоретически состоять из двух норм. Будет ли это считаться правом? А всякая система требует минимально необходимого числа определенным образом связанных элементов, придающих ей целостность. Право любого государства этим требованиям не отвечает и отвечать не может в силу отсутствия системных связей между действующими многочисленными правовыми актами. Другое дело, когда речь идет о правовой системе государства, которая, как минимум, должна включить Конституцию (основной) закон и вытекающее из нее, соответствующее ей базовое отраслевое законодательство – гражданское, уголовное, административное и судебное. Сторонники третьего направления, полагают, что в понятие права входят помимо правовых норм, правоотношение и правосознание. Они допускают ту же методологическую ошибку, что и авторы, считающие правом систему санкционированных государством норм. Попытка дать такое механически собираемое понятие права, оказывается полезной для всеобъемлющего, всестороннего, богатого по содержанию понимания права. Эта уже проблема построения теории права. Но эта попытка не продвигает нас в понимании главной сущностной характеристики того социального регулятора, который можно было бы назвать правом.

Әрине, құқық ұғымы немесе дәлірек айтсақ, құқық туралы түсініктің мәні оның шағын анықтамасынан гөрі әлдеқайда кең. Құқық ұғымы – алуан түрлі құқық бейнесі жасалатын көптеген көп қырлы ғылыми зерттеулердің қорытындысы. Дефиниция бұл мозаикадан құқықты өзімен байланысты басқа алшақ немесе жақын қоғамдық институттардан ерекшелетін ең басты, өзіндік белгілерінің айырмашылығын бойына жинайды. Сол себепті дефинициялар туралы пікірталастар құқық ұғымының ауқымы мен мәні туралы тартыстардай маңызды.

Жалпы алғанда, барлық зерттеушілер адамдардың әлеуметтік өмірі қоғам өмірінің мемлекет болып қалыптасу алдындағы және мемлекет болған кезеңінде қалыптасқан нормалармен-қағидалармен реттеледі дегенге келіседі. Бұл ретте олар моральдық және діни канондармен реттеу тәсілі бойынша да, олардың орындалуын қамтамасыз ету тәсілі бойынша да сәйкес келмейді. Осы ережелердің негіздерін анықтау және олардың тарихи тұрғыдан негізделген максатқа сәйкестілігін түсіну үшін адамзат тарихына оның пайда болуынан бастап қысқаша шолу жасау қажет. Адамның пайда болуы тарихи тұрғыдан өмір сүру жағдайлары жасалған адамдық қауымдастықтың пайда болуын мензейді.⁷

Разумеется, понятие права, или точнее понятие о праве, намного шире его дефиниции, которая есть его сжатое определение. Понятие права – итог многочисленных и многоплановых научных исследований, благодаря которым создается многокрасочная картина права. Дефиниция же выхватывает из этой мозаики то главное, специфическое, что отличает право от других отдаленных и, особенно, близлежащих институтов общества, с которыми оно, так или иначе связано. Поэтому дискуссии о дефинициях не менее важны споров об объеме и содержании понятия права.

В самом общем виде все исследователи согласны с тем, что социальная жизнь людей регулируется некими правилами- нормами, сложившимися как в догосударственный, так и в государственный период жизни общества. При этом они не совпадают с моральными и религиозными канонами, ни по способу регулирования, ни по способу обеспечения их исполнения. Для выявления оснований этих правил и понимания их исторически обусловленной целесообразности, необходим краткий экскурс в историю человечества, начиная с его зарождения.¹

¹ При этом анализ осуществляется с учетом выводов эволюционной теории Ч. Дарвина и основанных на них данных антропологов и этнографов. Между тем имеется библейская теория происхождения человека, согласно которой человек, как творение Бога, не проходит стадию первобытного дикого существа, а начинает жить жизнью одаренного сознанием и рационально мыслящего человека.

Жануарлардың ішінде қалған индивид адами қасиеттерге ие болу мүмкіндігінен айырылады. Мұндай мысалдар сирек кездесе де, кішкентайынан жабайы жануарлардың ортасында өмір сүрген баланың мақсатты түрде әлеуметтік ортаға енгізілуіне қарамастан, адам сияқты өмір сүре алмауы осының дәлелі болып табылады. Антропологтардың мәліметтері бойынша алғашқы адамдық қауымдастық алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінде пайда болады.

Бұл кезеңде промискуитетке, яғни алғашқы қауымдық қоғамда реттелмеген жыныстық қатынасқа негізделген алғашқы адамдар тобыры отбасының қалыптасуына алып келді. Жеке сананың дамымағандығына және адамның физикалық мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты өмір үшін күресте жабайы табиғатқа қарсы тұра алмайды. Бұл мәселені алғашқы адамдар тобыры құрамындағы тұтасқан индивидтер үлесі арқылы шешті. Бұл ретте олардың әрқайсысы бір бүтін функцияға айналады, одан ажыратылмайды. Мысалы, бірігіп аңға шыққанда біреуі жабайы құстарды қуса, екіншісі тұзақ құрып, оны ұстайды, ал үшіншісі өлтірілген құсты тасиды және т.б.

Қоғам өмірін осылайша ұйымдастыруда ұжымдық сана жетекші рөл атқарады. Жеке сана ұжымдағы

Возникновение человека исторически предполагает появление человеческой общности, в котором он находит условия подлинно человеческого существования.² Индивид, оказавшийся в стае животных, не имеет перспектив обретения человеческих качеств. Тому свидетельством являются случаи, хотя и единичные, когда ребенок с малых лет, живший в среде диких животных, впоследствии не поддавался очеловечиванию, несмотря на целенаправленную его социализацию. По данным антропологов первая человеческая общность возникает в эпоху первобытнообщинного строя.

В этот период возникает стадо первобытных людей, основанное на промискуитете, то есть на неупорядоченных половых отношениях в первобытном обществе, предшествующее возникновению семьи. В силу неразвитости индивидуального сознания и ограниченных физических возможностей отдельного человека ему невозможно противостоять дикой природе в борьбе за выживание. Эта проблема решается первобытным стадом, в качестве целого по отношению к входящим в него индивидам. При этом каждый из них становится функцией этого целого, неотделимой от него. Например, на совместной охоте один становится загонщиком дичи, другой ее ловцом в засаде, третий – носильщиком убитой дичи и т.д.

При такой организации общинной

² 1 См. подр. Батенин С.С. Человек в его истории. Ленинград, изд-во ЛГУ, 1976.

функциясын сезініп қана дамымаған күйде қала береді. Құрылымы жағынан бөлінбеген ортақтықта да сондай синкретті сана басшылыққа алынады. Осылайша, индивидтің санасы мен әрекеті алғашқы тобырға сіңісіп кетеді. Ол ойы, әрекетімен сол белгіленген шектен өздігінен шыға алмайды. Бұл тіпті ойға қонғысыз нәрсе. Белігілі бір функцияны атқарушылар бір-біріне қарсылық білдіре алмайтындықтан, мысалы, адамның басқа функцияны орындайтын аяғы қолына қатысты қарсылық білдіре алмайтыны сияқты алғашқы тобыр кезеңінде ішкі қайшылықтар туындамайды. Сондықтан бастапқы кезеңдерде алғашқы тобыр ішкі нормативтік реттеуді қажет етпейтін, ажырамаған біртұтас ағза бола отырып, адамзаттың дамуы үшін бірте-бірте материалдық жағдай жасайды.

Адамның табиғатқа бейімделуі, оның өмірінің ерте кезеңдеріне тән, уақыт өте келе ол оның адамға бейімделуіне жол ашты. Еңбек құралдарын жасау, тұрғын үй салу үшін материалдарды пайдалану, тамақ дайындау және жабайы аңдардан қорғау үшін отты қолдану және т.б. адамзат эволюциясындағы орасан зор серпіліс болды және адам санасының айтарлықтай кеңеюін көрсетті және бір мезгілде оның әрі қарай дамуының алғышарты болды. Осының бәрі алғашқы қауымдық тобырдың

жизни ведущую роль играет коллективное сознание. Индивидуальное сознание остается в неразвитой форме, простираясь лишь до осознания функции в коллективе. Структурно не расчлененная (синкретическая) общность руководствуется таким же синкретическим сознанием. Индивид, таким образом, своим сознанием и действием сливается с первобытным стадом. Он в своих мыслях и действиях не способен вывести себя за эти пределы. Это немислимо вообще. Следовательно, на стадии первобытного стада не возникают внутренние противоречия, так как носители функций не могут иметь претензии друг к другу, как, например, нога человека не имеет претензии к его руке, выполняющей другие функции. Поэтому на первоначальных этапах первобытное стадо, являясь целостным нерасчлененным организмом, не нуждающимся во внутренней нормативной регуляции, создает постепенно материальные условия для прогресса человечества.

Приспособление человека к природе, характерное для ранних стадий его жизни, со временем уступает место уже ее приспособлению к человеку. Создание орудий труда, использование материалов для строительства жилища, применение огня для приготовления пищи и защиты от диких зверей и многое другое были гигантским скачком в эволюции человечества, и свидетельствовало о существенном расширении человеческого сознания и, одновременно, было предпосылкой его дальнейшего

қоғамдық өмірдің рулық ұйымына айналуы кезеңінде болды.

Алғашында полигамды, содан кейін моногамды отбасының пайда болуы арқасында қандық туыстыққа негізделген адам қоғамының жаңа түрі – рулық қауым пайда болады. Ол тобырлық өмір салтынан пайда болған алғашқы қауымдағы көптеген қасиеттерді бойына сақтайды. Содан кейін эволюция процесінде жетекшімен және ақсақалдармен басшылық ететін құрылымдық рулық қауымға айнала бастады. Бірақ оның рулық өмірдің сатысынан ең басты айырмашылығы – рудың ыдырау уақытына қарай оның әрбір мүшесі жеке санаға ие болу деңгейіне жетеді, ол алдымен санада өзін бірлескен тобырлық санадан және тобырлық іс-әрекеттерден бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл өзін толық индивид ретінде саналы түрде өзін-өзі табу актісі – ой бостандығының алғашқы сатысы. Ол әрі қарай әрекеттегі бостандыққа ауысады. Ой бостандығы, ішкі бостандық шексіз. Оның маңыздылығы – санадағы еркіндікті шынайы еркіндікке айналдыруда. Себебі адам баласы үшін ең басты еркіндік – өзінің табиғи болмысын таныту (өзін-өзі өзгерту және дамыту), қоршаған орта мен әлеуметтік қоғамды тану, гуманитарлық және техникалық дамушылыққа атсалысу. Еркіндігі жоқ адам қоғамдық өмірден шет қалып, оған сөзімен де, ісімен де ықпал ете алмайды.

развития. Все это происходило в период трансформации первобытного стада в родовую организацию общественной жизни.

Благодаря появлению вначале полигамной, а затем моногамной семьи возникает новая форма человеческой общности, основанной на кровном родстве – родовая община. Она, возникающая из недр стадного образа жизни первобытного человека, сохраняет многие черты, характерные для этой общности. Затем уже в процессе эволюции стала превращаться в структурную родовую общину во главе с вожаком и старейшинами, горизонтально стратифицированными поколениями, статусный уровень которых предполагал их различную роль в жизни рода. Но самым главным отличием родовой жизни от стадной является то, что член рода ко времени его распада достигает такого уровня индивидуального сознания, который позволял ему вначале в сознании выделить себя из слитного стадного сознания и стадной деятельности. Этот акт мысленного обретения себя в качестве самостоятельного индивида есть первоначальное ощущение свободы в мыслях. Оно в дальнейшем неизбежно трансформируется в стремление к свободе в действиях. Свобода в мыслях, то есть внутренняя свобода, всегда безгранична.³ Ее значимость состоит в том, что способствует превращению мыслимой свободы в реальную свободу действий. Ведь главная ценность свобо-

3 См. подр.: Диалектика свободы как творчества. – Алма-Ата: Наука, 1989

Өшіп бара жатса да, туыстық сана бірлігін сақтаған және әулет мүшелері арасында жаңадан индивидуализация басталған ұжымдық өндіріс деңгейінің төмендеуі салдарынан ішкі қарым-қатынас әлсірегендіктен, әулет мүшелерінің әрқайсысы шынайы еркіндікке ұмтылады. Мұның барлығына күнделікті тұрмыстағы басы артық заттардың жиналуы, шекаралас көрші аймақтарды жаулап алу, оларға иелік ету және мүлікті жұмсау әулет мүшелерінің ұжымдық мүмкіндіктерінің шегінен асқандығы ықпал етті. Оған қоса олардың санының артуы әулеттің құрылысын, ондағы қоғамдық қатынастарды күрделендіріп, әулет мүшелерінің арасындағы арасындағы қашықтықтан және вербальды (ым-ишара) қарым-қатынас арадағы байланыстың сақталмауына алып келді. Осындай қарым-қатынастың салдарынан адамдар қарым-қатынас күрделенсе де, бұл бірте-бірте шынайы қарым-қатынас пен еркіндікке жол ашты.

Шын мәнінде жеке тұлға үшін оның табиғи, сыртқы еркіндігінде шек болады. Бұл түсінікті мына бір қанатты сөз арқылы жеткізейік: «Жұдырықты жұмсау еркіндігі басқа

ды состоит в том, что человек получает возможность творить собственную природу (изменять и развивать самого себя), окружающую природную и социальную среду, участвовать в гуманитарном и техническом прогрессе. Тотально не свободный человек исключается из общественной жизни, не имея возможности ни словом, ни делом, повлиять на нее.

В родовой общине в силу слабой дифференциации внутренних отношений, относительно низкого уровня коллективного производства, угасающей, но в тоже время сохраняющейся слитности родового сознания и только начинающейся индивидуализации членов рода, их стремление к свободе проявлялось в нарастающей активности. Этому способствовало также накопление избыточного продукта, завоевание территории соседних родов, владение и распоряжение которыми уже выходило за пределы непосредственно коллективных возможностей членов рода. К тому же увеличение их численности усложняло структуру рода, общественных отношений в нем и делало невозможным непосредственный визуальный и вербальный (словесный) контакт между членами рода. Вследствие этого затруднялось взаимодействие между ним, что одновременно способствовало их освобождению от этих отношений, открывало дорогу к свободе.

Для индивида поле его реальной, внешней свободы не беспредельно. По одному афористическому выражению «свобода махать кулаками

біреудің мұрнының ұшына жеткенде жоқ болады». Адам көзқарасы құбылмалы, тіпті әлеуметтік тұрғыдан да, сол себепті қаншалықты еркіндікке ұмтылып, өз қызығушылығына қарай еңбек етсең де, барлық нәрсенің белгіленген шектеуі болады. Және барлығымыз сол заңдылыққа бағынамыз. Мәселен, адам қоғамдық ортадан бөлек, жабайы, ешкім бақылауда ұстамайтын жерде оқшау өмір сүрсе, шексіз әрі шетсіз еркіндіктің ол үшін мәні қалмайды. Ол әрі еркін, әрі барлығына тәуелді күй кешеді. Еркіндік өмір сүруге кедергі келтіретін нәрседен және сол күйді бастан кешіріп өмір сүруден арылу дегенді білдіреді. Адам социумда ғана еркін немесе тәуелді бола алады. Хронологиялық тұрғыдан алып қарағанда, еркіндіктің алғашқы белгілері ежелгі дәуірлерден-ақ көрініс береді. Оның барлығы еркіндікке деген қызығушылық пен құлшыныстың нәтижесі.

Бұл кезеңде индивидуалды санадың тар көкжиегі жеке бас бостандығы мен адамның өзіне ғана емес, бүтін бір әулетке де кесірін тигізетін бассыздықтың шекарасын ажырата алатын күйде емес еді. Сондықтан қоғамдық ортадан бөлек әрбір әулеттің өзіндік заңдылықтары, орындауға тиісті, болмаса қажеті жоқ ережелері болады. Сол әулеттің мүшесі ретінде сол заңдылықтарға мойынсұнады. Жалпы алғанда, бұл қағидалардың

кончается у кончика чужого носа». Человек, вплетенный в систему отношений в обществе, в том числе родовом, вынужден соразмерять свое стремление к свободе с интересами, как минимум, ближайшего окружения, представить границы поля разумной свободы, очертания разумного поля свободы. Это сугубо человеческая, социальная проблема. Если представить, что индивид проживает свою жизнь вне человеческого общества, в тотальной и неконтролируемой никем изоляции, то его бесконечная и беспредельная свобода теряет для него всякий смысл. Он свободен и, одновременно, не свободен. Свобода предполагает освобождение от чего-то мешающего жизни и пребывание в этом состоянии. Свобода или несвобода человека возможна только в социуме. В хронологическом плане они возникают на той стадии родового общества, когда в нем были преодолены остатки синкретизма, доставшиеся от первобытного стада, и начался процесс индивидуализации члена рода, сопровождавшийся стремлением к свободе.

На этой стадии узкий горизонт индивидуального сознания был далек от понимания черты, отделяющей индивидуальную свободу от произвола, способного нанести вред не только самому человеку, но и роду, членом которого он являлся. Поэтому в роде утверждаются правила, ограничивающие эту свободу во имя сохранения родовой общины. Они, являясь результатом эмпирического опыта, регулировали отношения между чле-

барлығы адамдар арасындағы қарым-қатынас пен мінез ерекшелігін таныту жолында қызмет етеді.

Көпшілікке ортақ, барлығы бағынатын және оны қатаң түрде бұлжытпай орындайтын заңдылықтар әрбір әулетте болады. Егер де ол бұзылған жағдайда ол үшін қатаң жаза орындалады. Кейбір әулеттер сол қателескен адамды өз ортасынан алшақтатады. Сондықтан осындай нормативке қарсы ережелердің әсерінен адамдар жеке басына тиесілі еркіндікке ұмтыла бастады. Мысалы, неке қатынастарындағы еркіндік өз руының адамымен отбасылық (ерлі-зайыпты) жақын қарым-қатынасқа түспеумен шектелді (экзогамды неке). Не болмаса өзіне тиесілі жеке мүлік, дүниенді өз балаларын мен жақындарыңа беру еркіндігі де өзінен кейінгі мұраға үлкен және кіші балаларының біреуінің ғана ие болу құқығымен шектелді. Еркіндікті шектеудің тағы бір ерекшелігі сол шектеулерді орнататындар әулеттің абыройына және күшпен мәжбүрлеуіне бағынады. Қажет болған жағдайда психикалық және физикалық жаза қолданып оларды ережелерді орындауға мәжбүрлеу моральдық және діни нормаларға дейін туындаған әлеуметтік реттеудің бұл түрінің ерекшелігі болып келеді.⁴

Жеке тұлға еркіндігінің саласының әртүрлілігі соншалық, бір ғана ортақ ережеге сүйеніп, барлығын жокқа шығарып, болмаса барлығына бірден шектеу қоюға болмайды. Сондықтан еркіндікті шектеу әлеу-

нами рода посредством придания им общеобязательного нормативного характера.

Общеобязательность достигалась многократным и повсеместным соблюдением этих правил, а также угрозой применения и фактического применения наказания за их нарушение, включающего такой его суровый вид, как изгнание из рода. При этом нормативному регулированию подвергалась не вообще свобода, а реальная свобода индивида, проявляющаяся в разных сферах его жизнедеятельности. Например, свобода в брачных отношениях ограничивалась запретом на вступление в брак с членами своего рода (экзогамные браки). Или же свобода передачи своего имущества в наследство ограничивалось правилом, согласно которому наследником мог выступать старший или младший из детей. Еще одной особенностью ограничения свободы является то, что правила, устанавливающие эти ограничения, опираются на авторитет рода и его принудительную силу. Принуждения к их соблюдению с применением в необходимых случаях психического воздействия и физического наказания является еще одной отличительной чертой этого вида социального регулирования, возникшего до моральных и религиозных норм.⁴

Предметная сфера индивидуальной свободы так разнообразна, что невозможно одним общим правилом ограничить все реально существующие

⁴ Подробно об этом речь пойдет в разделе 5.2 данной работы.

меттік-қолданбалы және қоғамның дамуының алғышарты болып табылатын пайдалы тәртіп актілерін модельдеу арқылы іске асады. Маркстің коммунистік қоғамда «әрбір адамның еркін дамуы барлық адамның еркін дамуына пара-пар»¹¹ деген көзқарасына сәйкес еркіндіктің әлеуметтік еркіндікті шектеу алғашқы қауымдық қоғамнан бастап заманауи қоғамға дейінгі адамзаттың өмір сүруінің алғышарты болып табылады. Индивидтің жағында шектелген еркіндік қоғамның жағында қажеттілік ретінде алға шығады.

Қазіргі саяси ортада міндетті түрде қауіпсіздікті сақтайтын, еркіндіктің өзіне сай мөлшерін қадағалайтын деспоттық және авторитарлық режимдер орындалады. Мұның екінші бір қыры бар: еркіндіктің шексіздігі адам құқығының абсолютизациясына алып келеді, ал еркіндіктің ойға қонымды шектелуі индивидуалдық тұрғыда даму үшін де, қоғамдық даму үшін де игі ықпал етеді (мәселен, бір жынысты қарым-қатынасқа деген шектеу, әдеби образдарда зорлық-зомбылық, ұрып-соғу көріністеріне шектеу кою және т.б.).

Жекелей және жалпы адам басына қатысты орындалуға тиісті ережелердің әрқайсысының өзіндік қиындығы бар іс, оның шешімін адамдардың өмір сүру жағдайы мен қоғамдық және индивидуалды сана-

шы сферасын еркіндік және соған қатысты еркіндік актілеріне шектеу қою арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, еркіндіктің шектелуі қоғамның дамуына қажеттілік ретінде алға шығады. Осылайша, еркіндіктің шектелуі қоғамның дамуына қажеттілік ретінде алға шығады. Осылайша, еркіндіктің шектелуі қоғамның дамуына қажеттілік ретінде алға шығады.

В реальной политической жизни всегда есть опасность чрезмерного увлечения этой необходимостью и чрезмерного ограничения свободы, чем грешат деспотические и авторитарные режимы. Есть и другая крайность, когда безграничное расширение границ свободы приводит к абсолютизации прав человека, в то время как разумное ограничение свободы было бы благом, как для индивидуального, так и общественного развития (например, запрет на однополые браки, на демонстрацию, в том числе художественных образах, сцен насилия и жестокости и др.).

Оптимальное соотношение ограниченной индивидуальной свободы и общественной необходимости весьма сложная задача, решение которой возможно при условии уче-

ның даму деңгейін ескеру арқылы ғана табуға болады. Бұл өте маңызды, себебі Соңғылары қарапайым дүниені қабылдаудан бастап шынайы болмысты теориялық тұрғыдан игеру деңгейіне дейін және бір мезетте қоғамның жекелеген фрагменттерінің құлдырауы адам болжай алмайтын өзгерістерге итермелейді.

Әрбір тарихи кезеңдегі мұндай қайшылықтар қоғамның үзілістерімен шешіліп оң нәтиже көрсетіп отырған. Бұл ретте ол үнемі бұл мәселенің белгілі бір индивидтердің (ұжымдардың) еркіндігін шектеу және басқаларын қажетті қоғамдық әрекеттерді орындауға мәжбүрлеу әдісіне жүгініп отырған. Индивидуалды еркіндікті нормаға түсіру мен қоғамдық қажеттілікті қамтамасыз ету міндетін негіз еткен құқықтық реттеудің мәні осында жатыр. Бұл міндеттің шешімі мемлекет пайда болғанға дейінгі кезеңнің өзінде де ізделіп келген болатын және әлі күнге дейін мемлекеттің пайда болып, дамуы кезеңінде де шешімі табылмай келеді. Мемлекет бекіткен заң түріндегі заманауи құқық нормаларының негізі қоғамның дамуының мемлекет пайда болғанға дейінгі кезеңіндегі ерекшеленбейді және әлі күнге дейін қызмет етіп келеді. Мысалы, корпоративтік құқық нормалары.

Шектелген еркіндікті өзі іске асыратын социум қорғайды және ұстанады. Тарихи тұрғыдан алғанда ол әулет, кейіннен қоғамның өкілі ретінде мемлекет, одан кейін позитивті құқықпен бірге заңға дейінгі құқық

та условий жизни людей и уровня развития общественного и индивидуального сознания. Это тем более важно, что последние подвержены труднопредсказемым изменениям, начиная от примитивного мировосприятия до уровня теоретического освоения действительности, и одновременно моральной деградации отдельных фрагментов общества.

На разных этапах развития человечество решало этот вопрос с переменным успехом. При этом оно всегда прибегало к такому способу регулирования этой проблемы как ограничение свободы одних индивидов (коллективов) и принуждения других к общественно необходимому поступкам. В этом суть правового регулирования, основанием которого является задача нормирования индивидуальной свободы и обеспечения общественной необходимости. Эта задача начинала решаться еще в догосударственную эпоху в недрах родового строя и продолжает решаться в период возникновения и развития государства. Современные нормы права в форме закона, установленные государством, по своим основаниям не отличаются от тех, которые были установлены в догосударственный период развития общества, и продолжают действовать и по ныне. Например, нормы корпоративного права.

Ограниченная свобода защищается и поддерживается тем социумом, в рамках которого она реализуется. Им исторически был род, а впоследствии государство, как представитель общества, организация, в рамках кото-

бірге іске асатын ұйым болды. Арнайы мәжбүрлеу тәсілдерінің көмегімен әулеттік, мемлекеттік, қоғамдық қажеттілік қамтамасыз етіледі.

Осылайша, ауызша және жазбаша түрде қайталанатын еркіндікті шектеу және қоғамдық қажеттілікті қамтамасыз ету жағдайларының шексіз моделін орнататын ережелер құқық тәрізді қоғамдық өмірді нормативті реттеу феноменінің шынайы көрініс табуының бірден бір үлгісі болып табылады.

рой наряду с позитивным действует и дозаконное право. Аналогичным образом, посредством специфических средств принуждения обеспечивается родовая, государственная общественная необходимость.

Таким образом, правила, которые в устной или письменной форме устанавливают модели бесконечного числа повторяющихся случаев ограничения свободы и обеспечения общинной (общественной) необходимости, являются единичными случаями реального проявления такого феномена нормативной регуляции общественной жизни, как право.

Литература

1. Алимжан К. Общие принципы права в современной юридической практике Республики Казахстан и проблемы правового меморандума // Правовая реформа в Казахстане. 2003, № 3 (21), с. 32-36
2. Батенин С.С. Человек в его истории. Ленинград, Изд-во ЛГУ, 1976.-296 с.
3. Бекбаев Е.З. Проблемы начала в правопонимании. – М.: Инфра-М., 2015.-94 с.
4. Динамика свободы как творчества.- Алма-Ата: Наука, 1989.-232 с.:
5. Диденко Н.Г., Селиванов В.И. Право и свобода// Правоведение, 2001, №3, с.4-27
6. Мальцев Г.В. Понимание права. Подходы и проблемы. М.: Прометей, – 419с.
7. Мальцев Г.В. Происхождение и ранние формы права и государства.- В кн.:Проблемы общей теории права и государства. – Учебное пособие для вузов / Под общей редакцией академика РАН, д.ю.н., проф. В.С. Нерсисянца.-М.: Норма, 2004.-с. 25-135
8. Основания уголовно-правового запрета (криминализация и декриминализация) – М.: Мзд-во «Наука», 1982.-303
9. Право.-В кн.:Большой юридический энциклопедический словарь. – М.: Книжный мир, 2005. С. 464.
- Садевар П. Введение в право. – М.: Изд. Группа «Интрагэк-Р», 1994. –324 с.
10. Фролов И.Т. Перспективы человека: Опыт комической постановки проблемы, дискуссии, обобщения. – 2-е изд., перераб. И доп.- М.: Политиздат, 1983. – 350с.

5.2. Заңның шекаралары

Қоғамдық қатынастарды және оларды іске асыратын мінез-құлықты нормативтік реттеу – адамзаттың тамаша әлеуметтік тәжірибесі. Ол қоғамның ыдырауының алдын алды, әсіресе адамдардың жеке басының бостандығына деген ұмтылысы өсіп отырған жағдайда оның бірігуін күшейтті. Мұнда хронологиялық тұрғыдан бірінші орынға әдет-ғұрып секілді әлеуметтік нормативтік реттегіш шығарылады. Әдет-ғұрып өз алдына тарихи қалыптасқан мінез-құлық стандарттарын білдіреді. Оның үстіне әдет-ғұрыптың «идеялық қаруы», яғни формуласы әрқашан мінез-құлық қағидасы – нақты жағдайдағы іс-әрекеттің толық ұйғарымы» болады.¹

Бастапқыда кез келген әдет-ғұрыптың негізі жеке және қоғамдық мәнге ие болса да, ұрпақтан ұрпаққа жеткен кезде қайталанып отыратын болғандықтан, оның мәні уақыт өте келе адам санасынан сырғып, көмескіленіп немесе мүлдем жоғалады. Мысалы, қазіргі кезде көптеген халықтарда кездесетін қонақжайлылық салты қоғамдық тамақтану орындары мен түнеп шығатын орындардың болмауына байланысты жолаушыға көмек көрсету мақсатында туғаны қазір ешкімнің де ойына кіріп шықпайтын болар.

Әдет-ғұрып дегеніміз алдыңғы ұрпақтың тәжірибелерін кейінгілерге жеткізуші ерекше тасымалдаушылар екеніне әрі осы тұрғыда біріктіруші және реттеуші мәнге ие екеніне кара-

5.2. Границы закона.

Нормативное регулирование общественных отношений и реализующего их поведения – это великий социальный опыт человечества. Он предотвратил распад общества, усилил его интеграцию, особенно в условиях нарастающего стремления людей к индивидуальной свободе. Здесь хронологически на первый план выдвигается такой социальный нормативный регулятор как обычай. Обычай представляет собой исторически сложившиеся стандарты поведения. При этом «идейным содержанием, т.е. формулой обычая всегда бывает правило поведения – детальное предписание поступка в конкретной ситуации».¹

Хотя изначально любой обычай имеет обоснованный индивидуальный и общественный смысл, по мере многократного повторения из поколения в поколение его рациональное основание со временем ускользает из поля сознания или вообще утрачивается. Например, в современном мире мало кто задумывается, что обычай гостеприимства у многих народов сложился из необходимости оказать помощь путнику во времена, когда не было общественных мест питания и ночлега.

Несмотря на то, что обычай есть своеобразные трансформаторы опы-

¹ Суханов И.В. Обычай, традиции и преемственность поколений. М. Политиздат, 1976, с. 11

мастан, олар күнделікті өмірде тарихи қайталанып отыратын және қоғамда мойындалған әдеттегі іс-әрекет актілері ретінде қабылданады. Оларды сақтау аса бір терең ынталандыру процестерін талап етпейді, көпшілік әлеуметтің көңіліне орныққан әдет-ғұрып талаптары баршаға ортақ деген дағдыға негізделеді. Салт-ғұрып адамды алғашқы қауымдық құрылыстан бөлінбеген кездегі туыстық тіршілік ету тәсіліне қайта алып келетін секілді. Демек, әдет-ғұрыпқа мойынсұнған адам еркіндікке ұмтылмайды. Сондықтан еркіндікті шектеуге қоғамдық қажеттілік те туындамайды. Мұндай жағдай қандай да бір әдет-ғұрып өзінің көнелігіне қарай әлеуметтік мінез-құлықтың қалыптасқан жаңа модельдеріне қайшы келмейінше жалғаса береді. Бұл қайшылықтар ескірген салт-дәстүрлерді кейінге ығыстырып шығарады, тіпті оны жоюға дейін апарады. Сонымен бірге мемлекет маңызын жоймаған әдет-ғұрыптарды жаңа жағдайларда құқық дәрежесіне көтеріп, соның аркасында әдет-ғұрып құқығы немесе құқықтық әдет-ғұрып деп атайтын кері процесс жүруі мүмкін. Бұл түрлі халықтарда мемлекеттің пайда болуының ерте кезеңдеріне тән болды. Қоғамды басқаруда мемлекеттің рөлінің күшеюіне орай мұндай тәжірибе жойыла бастады, ал қазіргі кезде ол кездеспейді.

та предыдущих поколений последующим, и имеют в этом смысле большое инегративное и регулятивное значение, в повседневной жизни они воспринимаются как исторически повторяющиеся и общественно признанные внешние акты поведения. Их соблюдение не требует глубоких мотивационных процессов, обеспечивается укоренившейся в социуме привычкой всем подчиняться требованиям обычая. Обычай как бы возвращает человека к его родовому способу существования, когда он не выделял себя из первобытной общины. Следовательно, в рамках обычая у человека не возникает стремления к свободе. Поэтому не возникает и общественная необходимость в ограничении свободы. Такая ситуация продолжается до тех пор, пока те или иные обычаи в силу своей архаичности, не приходят в противоречие со складывающимися новыми моделями социального поведения. Эти противоречия оттесняют на второй план устаревшие обычаи, вплоть до их отмены. Одновременно может происходить обратный процесс, когда обычаи, не утратившие свою значимость в новых условиях, возводятся государством в ранг права и именуются в силу этого обычным правом или правовым обычаем. Это было характерно для ранних этапов возникновения государства у разных народов. По мере усиления роли государства в управлении обществом такая практика стала угасать и в современных условиях она не встречается.

Осылайша, белгілі бір әдет-ғұрыпқа тұтастай бағыну, оның билік жүргізуі уақыт өте келе аяқталады. Мұндай жағдай уақытпен бірге дамып немесе өзгеріп отыратын адамдар әдет-ғұрыпты өздерінің еркіндігін шектеу деп қабылдай әрі оның шегінен шыға бастаған кезде орын алады және сонымен бір мезгілде, социумының деңгейінде оны бұзып, бүлдіреді. Қоғамда әдет-ғұрыптарды қорғаудың қоғамдық пікірден басқа пәрменді тетіктері болмағандықтан, әдет-ғұрыптың реттеуші мәні әлсірейді, ол дәстүрлі және консервативті қоғамдарда ғана өзінің зор маңызын сақтайды. Сонымен қатар, әдет-ғұрып пен құқықты реттеу пәні сәйкес келген жағдайда әдет-ғұрыптың құқық нормаларын іске асырудағы рөлі жағымды болады. Осылайша, құқықты өзіндік тану құқық нормаларын белгілеу мағынасында емес, оларды қоғамның мақұлдауы мен қолдауы мағынасында жүзеге асады.

Әдет-ғұрып пен құқық қайшы келген жағдайда олардың арасындағы кереғарлық соңғысының пайдасына шешіледі, өйткені құқық нормаларында психологиялық және физикалық мәжбүрлеу бар. Ал әдет-ғұрып нормалары мәжбүрлеу күші жоқ қоғамдық пікірмен ғана қамтамасыз етілген. Әдет-ғұрыпқа қатысты мұндай ықтиярлы қарым-қатынас олардың пәндік мазмұны әдет-ғұрып аясында жасалатын амал-әрекеттерді қоғам тарапынан бағалаған кезде ешбір мәнінің болмауына байланы-

Тақим образом, безраздельное господство того или иного обычая со временем заканчивается. Такая ситуация складывается тогда, когда развивающиеся или изменяющиеся со временем люди начинают воспринимать обычай в качестве ограничения их свободы и все больше начинают выходить за его рамки, и тем самым одновременно, в масштабе социума, разрушают его. Поскольку в обществе нет действенных механизмов защиты обычаев, кроме общественного мнения, регулятивное значение обычаев ослабляется, сохраняя высокую значимость только лишь в традиционных и консервативных обществах. Вместе с тем, следует отметить, что при совпадении предметов регулирования обычая и права, обычай играет позитивную роль в реализации норм права. Происходит, тем самым, своеобразное признание права, но не в смысле установления норм права, а в смысле их общественного одобрения и поддержки.

При столкновении обычая и права противоречия между ними решаются в пользу последнего, так как нормы права обеспечены психологическим и физическим принуждением. А нормы обычаев обеспечиваются только лишь общественным мнением, не обладающим принудительной силой. Такое либеральное отношение к обычаям сложилось, видимо, потому, что их предметное содержание не имело значения при общественной оценке поступков, совершаемых в рамках обычаев. Главным было воспроизве-

сты қалыптасқан сияқты. Бастысы адамдардың барлығы байқап көретін сыртқы мінез-құлық актілерін шығару болды. Мұндай реттеу тәсілі адамды осындай жағдайлар қайталанған кезде нұсқаларды әр қайталанған сайын қайта таңдауды шешу қажеттігінен босағады.

Мінез-құлықты моральдық тұрғыдан реттеуге келсек, әңгіме басқаша. Құқық жүйесінде еркіндік аясы шектелген қоғамдық қажеттілік ретінде танылатыны, ал әдет-ғұрыпты ұстануда мәжбүрлеусіз тәуелділік болатыны секілді қоғамдық өмірдің тек моральмен реттеліп, моральмен түсіндірілетін арнайы саласы жоқ. «Адамдардың күнделікті өміріндегі әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық жағдайлар (экономика, саясат, ұйымдастыру, тұрмыс, қарым-қатынас) – бұлар сонымен бірге қашан да әділдік пен әділетсіздіктің, ізгілік пен рақымсыздықтың, адалдық пен алдаудың көрінісі. Қоғамдық құбылыстар әлемде болып жатқан іс-әрекеттердің барлығына сезімталдықпен жауап қайтара отырып, оны өз бетінше електен өткізетін моральдық санаға осындай адамгершілік мән-мағына, ерекше құнды өң береді».¹⁹

Сөйтіп, мораль әдет-ғұрыптар, құқықтар, саяси және өзге әлеуметтік нормалар арқылы нормативтік тұрғыдан реттелген қарым-қатынастарды «жақсы – жаман», «қайырымдылық – зұлымдық», «пайдалы – пайдасыз», «орынды – орынсыз» деп дихотомиялық шәкіл бойынша бағалай отырып, жіктеледі. Сөйтіп,

дение внешних, обозреваемых всеми, актов поведения. Такой способ регулирования освобождает человека от необходимости решать каждый раз заново проблему выбора варианта в повторяющихся ситуациях.

Иначе обстоит дело при моральной регуляции поведения. У морали нет особой сферы общественной жизни, которая была бы предметом только морального регулирования, как скажем, для права-сфера свободы ограниченной, общественной необходимостью, а для обычая – сфера несвободы без принуждения. «Социальные и социально-психологические обстоятельства повседневной жизни людей (экономика, политика, организация, быт, общение) – это всегда вместе с тем явления справедливости и несправедливости, гуманности и бесчеловечности, честности или обмана. Эими нравственными значениями, особой ценностной окраской наделяют общественные явления моральное сознание, чутко отзывающееся на все происходящее в мире и по своему осмысляющее его».¹⁹

Таким образом, мораль наслаивается на отношения, которые уже нормативно урегулированы обычаями, правовыми, политическими и иными социальными нормами, оценивая их по дихотомической шкале: «хорошо-плохо», «добро-зло», «полезно-бесполезно», «разумно-неразумно» и т.д. Тем самым, в зависимо-

мораль әдет-ғұрыпты бағалай отырып, оның әсерін күшейте немесе азайта, белгілі бір құқық нормаларын ерікті және бастамашылықпен сақтауға ықпал ете немесе олардың бұзылғанын ақтай алады. Қоғамдық пікірге сүйенетін моральдық көтермелеу мен моральдық жазғыру басқа әлеуметтік нормалар арқылы егжей-тегжейлі реттеуге ұшыраған маңызды қосымша реттегіштер болып табылады. Адам баласы игерген моральдық құндылықтар жеке және ұжымдық мінез-құлықтың, оның ішінде құқықтың қолданылу аясында ынталандырушы зор факторға ие.

Қоғамды біріктіруде әдет-ғұрыптармен, құқықпен, моральмен қатар діннің де атқаратын айрықша рөлі бар. Өтіп жатқан табиғи және қоғамдық оқиғаларды діншілдік, құдайдың қалауымен болған себепті шарттастық, алдын ала маңдайға жазылатын жазмыш тұрғысынан діннің бағалауы әлеуметтік еркіндікке деген ұмтылысты азайтады. Жаратушының талассыз беделінің алдында мойынсұну үрдісі күшейеді, бұл әсіресе, белгілі бір діни ағымды ынта-шынтасымен жақтаушылардан айрықша байқалады. Бірақ сонымен бірге тіпті аса діншіл емес қоғамдарда да кейде діни идеологияның тақуалық пен күнәһарлық, киелілік пен кәделік, тылсым мен жаратылыстан тыс күш санаттарындағы ақиқаттың фрагменттерін бағалауда жаппай болмаса да, қызықтырып, еліктіру жағдайлары кездеседі. Мұндай баға

сти от оценки, мораль может усилить или ослабить действие обычаев, способствовать добровольному и инициативному соблюдению тех или иных норм права, или оправдывать их нарушение. Моральное поощрение и моральное порицание, опирающиеся на общественное мнение, являются важными дополнительными регуляторами общественных отношений, уже подвергнутых детальной регламентации другими социальными нормами. Увоенные человеком моральные ценности обладают большим мотивирующим фактором индивидуального и коллективного поведения в том числе в сфере действия права.

Значительную роль в интеграции общества, наряду с обычаями, правом, моралью, играет религия. Насаждаемая ею оценка происходящих природных и общественных событий с точки зрения их богоугодности, причинной обусловленности божьей волей, преопределенностью заранее заданной судьбы, снижает стремление к социальной свободе. Усиливается тенденция к смирению перед непререкаемым авторитетом всевышнего, что особенно ярко проявляется у фанатичных адептов того или иного религиозного течения. Но вместе с тем даже в слабoreлигиозных обществах встречаются порой, хотя и немассовые, случаи соблазна оценить фрагменты действительности в категориях религиозной идеологии праведности и греховности, святости и сакральности, мистики и сверхъестественности. Такая оценка моти-

тіршілік қарекетінің түрлі салаларындағы адамның мінез-құлқын мейлінше жағымсыз, қоғамға қауіпті қылықтардан бастап аса жоғары гуманитарлық мақсаттарға құрылған іс-әрекеттерге дейін кең диапазонда ынталандырады. Сондықтан діни талаптар мен нормаларды архаикалық, қазіргі кезде қолданылмайтын нормалар қатарына жатқызуға біржақты болмайды. Бір конфессиялы қоғамда өзін сенімді, иманға ұйытушы етіп көрсететін діннің біріктіруші рөлі бүлдіргіш күштер діни факторды шеберлікпен пайдалана білетін көп конфессиялы қоғамда мүлдем қарама-қарсы рөлге енуі мүмкін екенін білу және есте ұстаған жөн.

Сөйтіп, әдет-ғұрып, құқық, мораль, дін белгілі бір бірлі-жарым мінез-құлыққа бір мезгілде, бірақ әр түрлі тәсілдер арқылы реттеуші әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан заңды мінез-құлық сонымен қатар әрі моральдық, әрі діни, әрі әдет-ғұрыпты іске асырушы болуы мүмкін, оның үстіне бұған мемлекет рұқсат берген болса. Осы мінез-құлықты сырттай реттегіштердің бірлескен іс-қимылы күрделі психологиялық ынталандыру процесінде іске асырылады, бұл кезде адам қойылатын талаптардың аркасында немесе ол талаптарға қарамастан, мінез-құлық нұсқасын саналы түрде таңдайды. Мұнда әдет-ғұрыптар мен дін бірінші жағдайда - адамды өзінің іс-әрекеті аясында еркі жоқ, ұжымға немесе өзге социумға толық тәуелді және екінші жағдайда - жаратқанның еркінде деп қарастырады.

вирует поведение человека в разных сферах жизнедеятельности и в широком диапазоне, начиная с крайне негативных, общественно-опасных поступков, завершая поступками с высочайшими гуманитарными целями. Поэтому религиозные требования и нормы нельзя однозначно относить к разряду архаических, не находящихся места в современном мире. Следует знать и помнить, что интегративная роль религии, убедительно проявляющая себя в моноконфессиональном обществе, может превратиться в свою противоположность в поликонфессиональном обществе, в котором деструктивные силы умело используют религиозный фактор.

Таким образом, обычаи, право, мораль, религия могут оказывать одновременное регулятивное воздействие на одно и то же единичное поведение, но разными способами. Поэтому правомерное поведение, в то же самое время может быть и моральным, и религиозным, и реализующим обычай, тем более, если он санкционирован государством. Совокупное действие этих внешних регуляторов поведения реализуется в сложном психологическом процессе мотивации, когда человек осуществляет сознательный выбор варианта поведения, благодаря или вопреки их требованиям. При этом обычаи и религия рассматривают человека в сфере их действия несвободным, полностью подчиненным коллективу или иному социуму в первом случае и воле всевышнего – во втором.

Құқық пен мораль қоғамдық қажеттіліктің жеке еркіндігін шектеуді талап етеді. Мұнда моральдық реттеу шекаралары қоғамдық қажеттілікпен байланысты және психологиялық және физикалық мәжбүрлеу арқылы дүркін-дүркін қайталанп отыратын еркіндікті шектеудің бірлі-жарым актілері ғана қамтылатын құқықтық реттеу шекараларынан әлдеқайда кең. Мәжбүрлеудің соңғы түрі моральға жат. Моральдық жазғыру және сөгу адамның өктем күшті қаншалықты шындап қабылдауына қарай психологиялық мәжбүрлеуге жатады. Бұдан бөлек, мораль үшін бір рет немесе бірнеше дүркін қайталанып отыратын бірлі-жарым еркіндікті шектеу фактісінің маңызы жоқ. Еркіндіктің шексіз көрінісінің жеке-дара бір рет байқалу фактісі құқықтық реттеудің мәніне айнала алмайды, бірақ оған жағымсыз моральдық баға берілуі әбден мүмкін. Құқық үшін, керісінше, шектеу қойылуы тиісеркіндіктің көп дүркін қайталануы мінез-құлықты нормативтік реттеу талаптарының бірі болып табылады.

Адам іс жүзінде осы еркіндікке ие болып, оны сезінген кезде ғана еркіндікті әлеуметтік шектеудің мәні болады. Құқық үшін нақ осы жағдай маңызды. Еркі, бас бостандығы жоқ адамның шектейтін де ештеңесі жоқ. Сондықтан ежелгі Римде құлдар тілі бар құралдар деп танылып, құқық

Право и мораль предполагают ограничение индивидуальной свободы общественной необходимостью. При этом границы морального регулирования намного шире границ правового регулирования, которым охватывается лишь многократно повторяющиеся единичные акты ограничения свободы, обусловленные общественной необходимостью и обеспечиваемые психологическим и физическим принуждением. Последний вид принуждения для морали не характерен. Моральное осуждение и порицание относится к разряду психологического принуждения, императивная сила которого зависит от того насколько серьезно оно воспринимается человеком. Кроме того, для морали не имеет значения факт однократного или многократно повторяющегося единичного случая ограничения свободы. Единичный однократный факт безграничного проявления свободы может не стать предметом правового регулирования, но его негативная моральная оценка вполне возможна. Для права, наоборот, многократность повторения свободы, которую необходимо ограничивать, является одним из условий нормативного регулирования поведения.

Социальное ограничение свободы имеет смысл в том случае, когда человек фактически обладает этой свободой и осознает это. Для права важно именно это обстоятельство. У несвободного человека ограничивать нечего. Поэтому в древнем Риме рабы признавались говорящими ору-

субъектілері ретінде танылған жоқ.

Қоғамдық қатынастардың күрделі шиеленісіндегі адамның еркіндігінің шекараларын құқықтық тұрғыдан анықтау осы қатынастар аясындағыоның еркіндігінің шамасын білдіреді. Жеке бастың еркіндігі, осылайша, индивидтің құқықтық еркіндігіне айналады. Яғни, шектеулі, бірақ сонымен қатар осы құқық субъектісі қатысатын қоғамдық қатынастардың басқа субъектілерінің қол сұғушылығына тәуелсіз кепілді құқық. Өз кезегінде, осы субъектілердің еркіндігі олармен өзара іс-қимыл жасаушы субъектілер үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты шектеледі. Заңның сөздік қорында бұл еркіндіктер қызметтің әлеуетті немесе нақты әрекет ететін бастамашысы тарапында субъективті құқық және осы құқықты іске асыруға жәрдемдесуге және кедергі келтірмеуге тиіс адамдар тарапында заңдық міндеттер атауын иеленді.

Қоғамның мемлекетке дейінгі өмір сүру дәуірінде адамдардың нақты бірлі-жарым іске асырылатын және көп дүркін қайталанатын іс-әрекеттеріндегі мұндай өзара қарым-қатынастары қоғамдық тәжірибеде тіркеліп, заң түрін иеленбеген нақты құқыққа айналды¹. Кейіннен, қоғамдық өмірдің күшейіне қарай

1 В дальнейшем для простоты изложения термин «закон» используется в собирательном значении как любой нормативный правовой акт, хотя с точки зрения юридической силы, субъекта правотворчества изакон занимает особое положение.

диями и не признавались субъектами права.

Правовое определение границ свободы человека, находящегося в сложном сплетении общественных отношений, означает меру его свободы в рамках этих отношений. Индивидуальная свобода становится, таким образом, правовой свободой индивида. То есть ограниченной, но одновременно гарантированной правом, свободной от посягательства других субъектов общественных отношений, в которые вовлечен данный субъект права. В свою очередь свобода этих субъектов ограничивается настолько, насколько это необходимо для взаимодействующих с ними субъектов. В юридическом лексиконе эти свободы получили названия субъективного права на стороне потенциально или реально действующего инициатора деятельности и юридической обязанности на стороне тех, кто должен содействовать и не препятствовать реализации этого права.

В эпоху догосударственного существования общества такие взаимоотношения людей, реализующиеся в реальных единичных и многократно повторяющихся поступках людей, фиксировались в общественном опыте и становились фактическим правом, не облеченным в форму закона.² В последующем, по мере этатизации

2 В дальнейшем для простоты изложения термин «закон» используется в собирательном значении как любой нормативный правовой акт, хотя с точки зрения юридической силы, субъекта правотворчества изакон занимает особое положение.

олар мемлекет белгілеген заң нысанына ие бола бастады. Бірақ қоғамға мемлекет белсені араласқан (мемлекет қарауына алған) кезеңде адамның еркіндігін шектеуге қатысты бұрыннан қалыптасқан және алғаш рет пайда болған жаңа ережелер күшінде бола береді. Бұл неше түрлі ар-намыс, іскерлік, кәсіби және корпоративтік этика кодекстерін көрнекі түрде көрсетеді. Сондықтан практикалық тұрғыда осы ережелерге заң нысанын берудің, яғни оларды заңдастырудың мақсаттылығы туралы мәселе қашан да өзекті болып қала береді. Өйткені, Маркстің дәл айтқанындай, заң шығарушы заң шығармайды, ол оны ашып, қалыптастырады. Бұл - оң құқықтың бастапқы проблемасы, заңдардан бастап небір түрлі нұсқаулықтарға дейінгі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейтін мемлекеттік органдардың күнделікті қызметі оны шешуді көздейді. Бұл қызмет сонымен қатар қоғамды әрі қарай күшейтуге, мемлекеттендіруге бағытталған, өйткені заң жұмыс істейтін жерде мемлекет осы заңдардың кепілі ретінде анық және көзге көрінбей қатысып отырады. Соған сәйкес, құқықтық реттеу шекараларын анықтай отырып, қоғам сонымен бірге қоғамдық өмірді шамадан тыс мемлекеттендіру мәселесін шешеді. Сондықтан заң нысанындағы құқықтың күшінің шекараларын анықтаған кезде кейбір өмірлік жағдайларға назар аудару қажет, оларды ескермеген жағдайда құқықтық реттеудің өзінің ешбір мәні болмайды. Сонымен, мысалы,

общественной жизни они стали обретать форму закона, установленно-го государством. Но в период этатизированного (огосударственного) общества продолжают действовать сложившиеся ранее и зарождающиеся впервые новые правила по ограничению свободы человека. Это наглядно демонстрируют всевозможные кодексы чести, деловой, профессиональной и корпоративной этики. Поэтому всегда актуальным в практическом отношении остается вопрос о целесообразности придания этим правилам формы закона, то есть об их узаконении. Ведь, по меткому выражению Маркса, законодатель не создает законов, он их открывает и формирует. Это исходная проблема позитивного права, на решение которой нацелена повседневная деятельность государственных органов, создающих нормативные правовые акты от законов до всевозможных инструкций. Эта деятельность одновременно направлена на дальнейшую этатизацию общества, поскольку там, где действуют законы, там явно и незримо присутствует государство в качестве гаранта этих законов. Следовательно, определяя границы правового регулирования, общество тем самым одновременно решает проблему чрезмерной этатизации общественной жизни. Поэтому при определении границ действия права в форме закона следует иметь в виду те жизненные обстоятельства, без учета которых становится бессмысленным само правовое регулирование. Так, например, законы

заңдар сана мен ерік-жігер берілген ерікті адамдарға бағытталуы тиіс. Олар нақты қалыптасқан немесе қалыптасатын экономикалық қатынастарға сәйкес келуі және олардың дамуына кедергі келтіретін қарама-қайшылықтарды жоюы тиіс. Заңдар өз талаптарын басымдыққа не моральдың құндылықтарымен мөлшерлегені жөн. Бір жынысты некелерді құқықтық тұрғыдан реттеу әрекеттері қатты қарсылыққа тап болатыны кездейсоқтық емес. Құқықтың күшіне діни фактордың біржақты әсерін де назардан тыс қалдырмау қажет. Христиан діні «не ексең, соны орасың², сыйға-сый, сыраға - бал»³ қағидатын уағыздай отырып, мемлекеттің заңдарын сақтауды мақұлдайды. Бірақ олардың және құдай заңдарының арасында қайшылықтар болған жағдайда, артықшылықты соңғыларына беруге шақырады. Заңның тақырыптық шекаралары қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық және басқа қарым-қатынастар аясында жатады.

Мұнда заңдар қанша қайталанып келсе, сол шамада әрекет ететін болады, яғни бірнеше рет қалпына келтірілген қайшылықтар мінез-құлықты әлеуметтік реттеудің өзге нормаларымен шешіле алмайды.

Бұдан бөлек, заңның шекаралары қолданылатын аумақпен, ол есептелген кезеңмен, құқық субъектісі немесе міндеттердің иесі болып табылатын және бола алатын адамдар

2 *Кесарь-греческая форма латинского слова « цезарь»

3 Священное писание, 2008, с.1259, 1338

должны быть адресованы наделенным сознанием и волей свободным людям. Они должны соответствовать реально сложившимся или формирующимся экономическим отношениям и устранять противоречия, препятствующие их развитию. Законом следует соразмерять свои требования с ценностями господствующей морали. Не случайно попытки правового регулирования однополых браков встречают ожесточенное сопротивление. Следует иметь в виду неоднозначное влияние религиозного фактора на действие права. Христианство, проповедуя принцип «кесарю кесарево³, а Божье Богу»⁴, одобряет соблюдение законов государства. Но при противоречии между ними и законами бога, предпочтение призывает отдавать последним. Предметные границы закона лежат в рамках общественно-политических, социально-экономических, культурно-бытовых и других отношений.

Здесь законы могут действовать в той мере, в какой повторяющиеся в них, то есть многократно воспроизводимые противоречия, не могут быть решены иными нормами социальной регуляции поведения.

Кроме того, границы закона определяются территорией, на которой он действует, периодом, на который он рассчитан и кругом лиц. Которые являются и могут стать субъектом

3 *Кесарь-греческая форма латинского слова « цезарь»

4 Священное писание, 2008, с.1259, 1338

тобымен анықталады. Сонымен, құқық шекаралары көптеген басқа критерийлер бойынша анықталады, оларды неғұрлым толық қамту тиімді негізделген заң қабылдауды қамтамасыз етеді.

права или носителем обязанности. Таким образом, границы права определяются по многим другим критериям, наиболее полный охват которого обеспечит принятие рационально обоснованного закона.

Литература

1. Алимжан К.А. Вопросы теории обычного права, 2003. – 320 с.
2. Дробницкий О.Г. Понятие морали. М.: Изд.-во «Наука», 1974. 388 с.
3. Мораль. - В кн.: Философский энциклопедический словарь. – М.: Инфра-М., 2001, с. 275-276
4. Мораль и право. – В кн.: Словарь по этике/Под редакцией А.А. Гусейнова и И.С. Кона. – М.: Политиздат, 1987, с. 447
5. Нурпеисов Е.К. – Пределы правового регулирования – В ст.: Развитие законодательства советского Казахстана и практика борьбы с преступностью. Караганда. 1984, с. 34-45
6. Обычай. В кн.: (Обычаи, традиции и преемственность поколений. М.: Политиздат, 1976. -с. 314-315 (см. пред...))
7. Суханов И.В. Обычаи, традиции и преемственность поколений. М.: Политиздат, 1976. – 2016 с.
8. Религия. – В кн.: Философский энциклопедический словарь. - М.: Инфра-М, 2001, с. 391-392
9. Романов Р.А. Закон, правило, норма, долженствование. // Правоведение, 2001, № 6, с. 13-19
10. Тусупов Е.О. Шарль Луи Монтескье: Характер народа и дух законов // Право и государство, 2001, № 1(20), с. 26-28

6. Қазақстандағы мемлекет

Қазақ мемлекеті әлемдік сахнада Қазақ хандығы ретінде XV ғасырдың ортасында пайда болды. Ол өзінің белгілері бойынша, жалпыға танылған билік, ондағы басым болған үрдістер тұрғысынан мемлекеттіліктің жалпыға бірдей танылған теориялық моделіне толық сай келді. Бұл ретте бастапқыда өзінің мемлекеттік басқарудың нысаны жағынан Қазақ хандығы шектеулі монархия болатын. Ол кейін таратылғаннан кейін XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстанның Ресей империясынан отарлық тәуелділік кезеңінде жоғалтқан мемлекетімізді республика нысанында қайтадан жаңғыртуға тырысушылық әрекеттер болды. Осылайша, XX ғасырдағы бірін бір алмастырған Қазақстан аумағындағы республикалардың (автономды, одақтас, тәуелсіз), мемлекеттік биліктегі көлденең басқару тұрғысынан да, тігінен алғанда да құрылымы мен ұйымдастыру тәсілі бойынша да айтарлықтай айырмашылықтары болды.

Соңғы жүз жыл ішінде Қазақстанда бірі бірімен параллель түрде немесе бірі бірін ауыстыра отырып төрт республика өмір сүрді, ал оның бесіншісі бүгінгі таңдағы жағдайда жетіліп, дамуда. Осы тұрғыдан, оның алдағы алыс келешегі мен таяу болашағы үлкен теориялық та, практикалық та қызығушылық туғызары сөзсіз.

6. Государство в Казахстане.

Казахское государство, возникло на мировой арене в середине XV века в виде Казахского ханства. Оно по своим признакам, организации публичной власти, господствовавшим в нем тенденциям соответствует общепризнанной теоритической модели государства. При этом изначально по форме государственного правления Казахское ханство было ограниченной монархией. После ее ликвидации в период колониальной зависимости Казахстана от Российской империи в XVIII-XIX веках была предпринята попытка возрождения утраченной государственности в форме республики. Сменявшие друг друга в XX веке республики (автономная, союзная, независимая) на территории Казахстана, имели существенные отличия по структуре и способу организации государственной власти как в горизонтальном, так и в вертикальном разрезе.

За последние сто лет в Казахстане параллельно действуя или сменяя друг друга существовали четыре республики, а пятая действует в современных условиях. Вполне объяснимо, что ее будущее в отдаленной и ближайшей перспективе, вызывает большой теоритический и практический интерес.

6.1. Қазақ хандығы шектеулі монархия

6.1. Казахское ханство-ограниченная монархия.

Кез келген халық әлеуметтік-экономикалық дамуының белгілі бір сатысында өзінің саяси даму жолын тарихи таңдау қажеттілігі алдында болады. Көреген билеушілер мен да-нагөй ойшылдар, туған халқына өздері дұрыс деп санаған қандай да бір даму жолын көрсетіп, олардың идеяларын қалың жұртшылық толық қабылдаған жағдайда, өз елін артынан ерте алады. Алайда, ол ойларын жамағаты жоқ көрсе, қабылдасамаса ойлары да ойран болып қалары ақиқат. Бұдан шығатын шынайы қорытынды, тарихи таңдау жолындағы шешуші сөзді тек халық қана айта алады, яғни ол билеуші көрсеткен жаңа бағдармен жүретін болады, ия болмаса оны қаламаған жағдайда, тіпті қолына қару алуға дейін барып, қарсылық көрсетуге шығады. Бұның өзі сайып келгенде тарихтың түпкілікті субъектісі қаншалықты ұлы болса да жеке тұлға емес, ұлағатты халық екендігінің айқын бір дәлелі. Ол тіптен басында еркі жоқ бодан болса да, өзінің тарихи таңдауын аңсай отырып, нағыз тарихты жасайтын халық. Халық өз таңдауын оңтайлы ахуалды күтіп отырып жүзеге асырады ия болмаса осындай жағдайды өзі де тудырады.

Ежелгі заманнан Қазақстан аумағында қоныстанған және қазіргі қазақтардың түпкі атасы болып табылатын ру-тайпалардан тұратын халықтың көп дәуірлік даму жолы XV ғасырдың ортасында заңды түрдегі

Каждый народ на определенной ступени социально-экономического развития оказывается перед необходимостью исторического выбора путей своего политического развития. Дальновидные правители и мудрые мыслители, обосновывая тот или иной путь развития своего народа, могут увлечь его за собой в случае безоговорочного позитивного восприятия их идей. Но они могут потерпеть фиаско в случае их отклонения. Следовательно, решающее слово в историческом выборе остается за народом, который следует за предложенным курсом, либо же отвергает его, оказывая сопротивление, вплоть до вооруженного. Это еще одно свидетельство тому, что подлинным субъектом истории, в конечном счете, является народ, а не отдельная личность, какой бы великой она не была. Историю творит народ, вынашивая свой исторический выбор, даже если он оказывается повседневным. И делает его при наступлении благоприятных условий или же создает эти условия.

Многовековой путь развития народов, населявших территорию Казахстана с древнейших времен и являющихся отдаленными предками современных казахов, сделал закономерный исторический скачок в сере-

тарихи серпіліс жасады. Ол қоғамдық өмірді ру-тайпалық ұйымдастырудан хандық нысандағы мемлекетке ауысты.

Көсемдік түрдегі ру-тайпалық басқару енді мемлекетке орын берді.¹ Қоғамда, елдің аумағында мемлекет деп аталатын ерекше басқарушылық құрылымы пайда болады. Осыған байланысты бір маңызды қағидагты түсініктеме беру қажет.

«Мемлекет», «қоғам», «ел» деген терминдер бірі бірімен тығыз байланысты болғанымен, бірақ мазмұны жағынан дәлме дәл болмайтын әлеуметтік құбылыстар туралы түсініктер.

Ең жалпы алғандағы түсінік бойынша қоғам – адамдардың қауымы, ел – адамдар топтасып өмір сүретін бір аумақ, мемлекет – адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін басқарушылық ұйым. Бір құбылысты екіншісінен ажыратып тұратын осындай мағыналық шекті жоққа шығару, ұғымдарды алмастыруға, оларды дұрыс емес қолдануға, соның ішінде ғылыми әдебиетте қате пайдалануға алып келеді, бұның өзі мүлдем жол беруге болмайтын жайт. Бұған мысалды көптеп келтіруге болар еді. КСРО кезінде мәселен, осы кезеңдегі қоғам мен елді «кеңестік» деп атады, алайда, ол мазмұны социалистік болатын да, кеңестер дегеніміз мемлекет нысаны еді.

Мүмкін осы себептен бірқатар елдерде мемлекеттің елдің өз атауынан

дине XV ғасырға дейін қалыптасқан. Он положил начало к переходу от родоплеменной организации общественной жизни к государственной в форме ханства.

Родоплеменное управление, называемое вожжеством, уступает место государству.¹ В обществе, на территории страны возникает особая управленческая структура, именуемая государством. В связи с этим необходимо одно принципиальное пояснение.

Термины «государство», «общество», «страна», обозначают понятия о тесно связанных, но не совпадающих по содержанию, социальных явлениях.

В самом общем виде общество – это совокупность людей, страна – территория с проживающими на ней людьми, государство – управленческая организация, регулирующая отношения между людьми. Пренебрежение этими тонкими гранями, отделяющими одно явление от другого, приводит к смешению понятий, к их некорректному использованию, в том числе в научной литературе, что абсолютно не допустимо. Примеров тому множество. Общество и страну периода СССР называли, например «советскими», хотя они были социалистическими, а советы были формой государства.

Не случайно поэтому в ряде стран государство именуется иначе, чем страна: «Французская Республика» (государство) и Франция (страна),

¹ Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е, доп. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.- 604 с.

¹ Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е, доп. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.- 604 с.

басқаша аталуы орын алды: «Француз (Франция) Республикасы» (мемлекет) және Франция (ел), «Ұлыбритания Біріккен королдігі» (мемлекет) және Англия (ел), «Иран Ислам Республикасы» (мемлекет) және Иран (ел), «Ресей Федерациясы» (мемлекет) және Россия. Қазақстан Республикасы (мемлекет) және Қазақ Елі (ел атауы).

Қазақ хандығы туралы әңгіме қозғай отырып, оның негізгі тақырыптың мәнін айқындап алған қажет, яки - сөз хандық дегенде мемлекет нысаны, түрі туралы болып отыр ма, немесе хан билігіне бағынатын қазақтардың жайлаған жері – қазақ елі (Қазақ елі) туралы ма?

Хандық ең бастапқы түсінігінде - бұл басында хан деп аталатын билеушісі бар ел. Сондықтан хандықты сипаттаған кезде ең алдымен осы ел орналасқан жер, оның табиғи-климаттық жағдайлары, халықтың этникалық құрамы, оның әлеуметтік құрылымы, шаруашылық жүргізу тәсілі мен түрі, діні мен ділі, мәдениеті қандай және т.б. мәселелерге назар аударылады.

Бір жағынан алғанда, этникалық әрі аумақтық тұрғыдан дұрыс болып көрінетін хандықты осылай түсінушілік, дегенмен, басқарушылық құрылымын қамти алмайды. Бұл тәсілді Қазақстанға қатысты қолданатын болсақ, онда осыдан шамамен алғанда 550 жылдан артық уақыт бұрын біртұтас ұлт ретінде қалыптасқан және қазіргі Қазақстанның тарихи аумағында қоныс тепкен қазақтар өз хандығын құрды және оны халқын құрады. Шынтауытқа

«Соединенное Королевство Великобритании» (государство) и Англия (страна), «Исламская Республика Иран» (государство) и Иран (страна), «Российская Федерация» (государство) и Россия. Республика Казахстан (государство) и Қазақ Елі (страна)

Рассуждая о казахском ханстве необходимо обозначить предмет разговора - идет речь о ханстве, как форме государства или о стране казахов (Қазақ елі), на которую распространяется власть хана?

Ханство в привычном понимании - это страна, во главе которой стоит правитель, именуемый ханом. При описании ханства внимание, прежде всего, обращается на то, где расположена эта страна, каковы ее природно – климатические условия, этнический состав населения, ее социальная структура, способ хозяйствования, религия, культура и т.д.

Такое распространённое понимание ханства, верное с этнической и территориальной позиции, не охватывает управленческие структуры. Этот подход применительно к Казахстану позволяет полагать, что казахи, сформировавшиеся как нация около 550 лет тому назад и расселившиеся на исторической территории современного Казахстана составили ханства. На самом же деле в результате консолидации племен возникло казахское общество, занимавшее зна-

келгенде тайпалардың топтаса шоғырлануы нәтижесінде Қазақ Елі деген атпен белгілі болған Ұлы Даланың айтарлықтай жерінде орналасқан Қазақ қоғамы қалыптасты, ол тарихи жазбаша көздерде парсылық сөздік экспансиясы әсерімен Қазақстан деп аталып кетті, яғни бұл Қазақтардың елі дегенді білдіреді.

Ал мемлекеттің өзі халықтың өкілдері өкілеттік етуінен, атап айтқанда, елді қорғауы үшін, қоғамішілік адамдар арасындағы қажет қарым-қатынастарды реттеу үшін қажет хан басқарған басқарушы құрылымына елдің атынан сайланған көрнекті қайраткерлері – билері, сұлтандары, батырларының тұлғаларымен көрінді.

Шектеулі монархия нысанындағы орталықтандырылған Қазақ хандығы қалыптасуы процесінің басталуы XV ғасырдың ортасында қазіргі Қазақстанның орталық және оңтүстік аумағында орналасқан Дешті-Қыпшақтың кең сахара жазира даласында болды. Осы уақытта Дешті-Қыпшақтың ханы Әбілхайырдың саясатына наразылық танытқан Керей мен Жәнібек сұлтандар өзіне сенімді руларды жинап, Жетісуге қарай үдере көшеді. Осы жерде барлық рулар мен тайпалардың бір тудың астына бірігуі басталады.

Ежелгі рулар жалайыр, найман, алшын, қыпшақ және т.б. тайпалар қазіргі Қазақ этносының негізін қалаған оның құраушысы болды. Бұрынырақта басқаша қолданылып, алғашқы мағынасының бірі – кезбе, еркін, бөлінген деген адам туралы немесе биліктен бөлініп шыққан

чительную часть Великой степи, известную как Қазақ Елі и названную в исторических письменных источниках под влиянием персидской словарной экспансии Казахстаном, то есть страной Казахо́в.

А государство было представлено выдвигенцами из народа, его яркими представителями – биями, султанами, батырами составившими управляющую структуру во главе с ханом, необходимую для защиты страны, регулирования отношения между людьми.

Начало процессу формирования централизованного казахского ханства в форме ограниченной монархии было положено на степных просторах Дешт-и-Кипчака, занимавших центральную и южную части территории современного Казахстана, в середине XV века. В это время султаны Керей и Жанибек, недовольные политикой хана Дешт-и-Кипчака Абулхайра, с преданными им племенами, откочевали в Семиречье. Здесь произошла консолидация родов и племен.

Древние роды жалаир, найман, алчин, кипчак, и др. стали компонентами казахского этноса. Нарисательное слово «казак» первоначально обозначавшее – свободный, скиталец, изгнанник или группу кочевников, которые отделялись, выходили из под власти правителя, приобрело

көшпелілер тобын білдірген мәннен «казак» термині этносоаяси мағынаға ие болады. Керей мен Жәнібектің қол астына біріккен түркі тілдес тайпалары Әбілхайыр ханның билігінен босап шыққасын, өзінің төл атауына ие болды және біржолата қазақ деп атала бастады.

Бұл ретте, Ресей орман-даласында өмір сүріп, оның шекара тұстарын мекен еткен ерікті казактар да олардың еркін өмір сүруі салтынан да осындай атауға ие болды деген жорамал бар.

Осылайша бұрын басы бірікпеген түркі тілдес тайпалары бір билік астына топтасқан соң тарихтағы жаңа Қазақ этносы қалыптасуына негіз болды.

Елдің саны жағынан өсуі мен казактардың қоғамы қатынастары күрделенуі жағдайында бұрынғыдай тек қандық, тума-туысқандық тұрғыдан қарым-қатынастарынан тұратын өмір салтын ұстана беру қиындай түседі. Бұның өзі ру басылары мен ел ағалары ақсақалдар кеңесінің басқарушылық күші мен реттеушілік ықпалы бастапқыдан тек сол бір рулы елдің өзіне ғана таралуымен және олардың дәстүрлі тұру ареалын қамтуымен түсіндіріледі. Шындығында да ру сыртынан басқа жерде олардың билігі жүрмейтін еді. Сол себепті де тарыдай шашылған көп санды рулар негізінде ең алдымен тайпалар, кейін біртұтас этнос қалыптасты, соның нәтижесінде тек жекелеген рулар емес тұтас бір халықтың еркі мен қалауын қанағаттандыратындай мүлдем жаңа басқа-

этнополитический смысл. Тюркоязычные племена, объединённые под властью Керей и Жанибека, обрели самоназвание и окончательно стали называться, правда, не без субъективных видоизменений, казаками после их выхода из подчинения хана Абул-Хаира

Кстати сказать, вольные казаки, обитавшие на просторах России, занимая ее окраинные территории, получили свое название, так же соответствующее их свободолюбивому укладу жизни.

Таким образом, разрозненные прежде тюркоязычные племена объединившись стали основой формирования казахского этноса.

В условиях численного роста и усложнения общественных отношений казахов становится невозможным сохранить прежний порядок их жизни, поддерживаемый кровнородственными отношениями. Объясняется это тем, что пределы управленческого и регулятивного воздействия старейшин родов, а также советов старейшин изначально были ориентированы только на членов рода и традиционный ареал их обитания. За пределами рода их власть прекращалась. Поэтому когда на основе многочисленных родов стали формироваться племена, а затем и единый этнос, возникла необходимость в совершенно новой управленческой структуре, способной реализовать волю и ожидания всего народа, а не отдельных родов. И она возникла в виде верховного правителя – хана,

рушылық құрылымына деген қажеттілік туындады. Және де ол жоғары билеуші – хан, атқарушы органдар, өкілетті сұлтандар мен бектер, әділ төрелік етуші сот органдар – дәстүрлі билер соты және хан жанынан құрылған басқа да түрлі кеңес беруші органдары түрінде көрінді.

Олардың барлығы тұтастай алғанда жиынтық түрде де және жеке алғанда да өз функциясын бұрынғыдай, ру-тайпалық ұйымы жағдайында, қандық яки туыстық қағидаты негізінде емес, жалпыға бірдей ашық билік принципі бойынша атқарды, яғни билеушілер тарапынан мәжбүрлеу мен қорғаныс шаралары қай руға жатқанына қарамастан, барлық жұртшылыққа бірдей қолданылды. Бұндай билік ашық түрде халық (жұртшылық) үстінен жария үстемдік құрады, ал рулық қарым-қатынас, қауымдық өмір салты кезіндегі билік тек осы рудың өз ішінде қалады. Сол руға немесе қауымға кіретін ру мүшелері ғана билікті кімге және қалай қолдану қажеттілігін өздері шешеді. Осылайша, хандық деген атауға ие болған тарихи жаңа басқарушылық құрылымы пайда болды.

Қазақ хандығы өзінің даму сағысына қарай, шектеулі монархия түріндегі орнықты иерархиялық құрылымына ие болды. Жыл сайын дәстүрлі түрде халық Құрылтайы (жұртшылық жиылысы) жиналып кеңес құрды, оған сайланған ханмен бірге ұлтқа ортақ келелі мәселелерді шешуі үшін далалық аристократия өкілдері – ру басылары, ел ағалары, сұлтандар келіп қатысты. Ықпалы жоғары,

исполнительных органов, представительных султанами и беками, органов правосудия – суда биев и различных консультативно-совещательных органов при хане.

Все они вместе взятые и каждый из них в отдельности выполняли свои функции не по принципу кровного родства, как это было в условиях родоплеменной организации, а по принципу публичной власти когда принудительные и защитные меры применяются ко всему населению в равной мере, независимо от принадлежности к тому или иному роду. Власть эта возвышается над народом (публикой), в то время как при родовом, общинном образе жизни власть находится внутри этих родов. Сами члены рода или общины решают, как и к кому применить власть. Тем самым была создана исторически новая управленческая структура, получившая название – ханство.

По мере своего развития Казахское ханство приобрело устойчивую иерархизированную структуру в виде ограниченной монархии. Ежегодно собирались Курултай (народные собрания) представителей степной аристократии – старейшин и правителей родов, султанов, для решения совместно с ханом общенациональных задач. Влиятельные родоначальники составляли при хане совет биев – зако-

ауызы дуалы, сөзге шешен ру басылар хан жанындағы билер кеңесін - заң-жарғылық органын құрды. Рулар ішіндегі билер сот және әкімшілік билікті атқарды, олар қоғамдағы «ақ сүйек» қауымын құраған чингизидтер ұрпағы сұлтандарға қарағанда, рулық билік тобы «қара сүйекті» құрады.

Далалық демократия атынан өкілдік жасаған осы билеуші институттары, мемлекеттік биліктің ең жоғары буындарына ене отырып, хан саясатын жүргізуде үлкен роль атқарды. Сонымен бірге олар халықтың мүдделерін ұмытуға жол бермей, ханды шексіз биліктен сақтандырып, оның жалғыз дара билеуін шектеп отырды.

Қазақтардың орталықтандырылған этносаия бірлестігі кезеңіндегі мұрагерлікке негізделген хандық биліктің толық құқығы барлық қазақ ұлыстарының аумағында баршаға міндетті жоғары өкімдерін шығару құқығы, олардың қыс қыстау мен жаз жайлауға көшу жолын анықтау мен жайылымдарды, су көздерін белгілеуі, олардың қарулы қорғанысын ұйымдастыру, жалпыға бірдей орындалуға міндетті нұсқаулар беру, сондай-ақ өлім жазасын кесуі мен адамды ақтап алу, кешірім құқығының болуы. Хан басқа мемлекеттермен келіссөздер жүргізді, соғыс жағдайын жариялады, бітімгерлікке келді және одақтар жасасты. Осындай жарқын мысал ретінде, атап айтқанда, Тәуекел ханның (1586-1598 жж.) бастамасы бойынша Қазақ хандығының Москвамен дербес дипломатиялық қатынастардың орнатылуын айтуға болады. «Ресми түрде

нососветательный орган. Бии в родах осуществляли судебную и административную власть и составляли родовую знать «кара сүйек», в отличие от султанов - потомков чингизидов, составлявших сословие «ак сүйек».

